

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 168 (9486) || 1954 жылғы 24 август Сейсенбі || Шығуына 35 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Жемшөп сүрлеу жоспарын толық орындау — маңызды міндет

Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің июнь Пленумының қаулысында қоғамдық мал шаруашылығын шұғыл өркендете беру шаралары, бұл жауапты міндетті жүзеге асыру үшін жемшөп қорын мейлінше мол жасау, мал қыстатуға барлық жағынан тыңғылықты әзірлену жолдары белгіленді. Пленумның бұл қаулысын жете түсінген облысымыздың пішенишілері мал азығын дайындауда айтарлықтай жұмыс істеп келеді. Демек, олар шөп шабуға, оны жыйнау, үюде, мал қораларына тасуда, жемшөпті сүрлеуде еңбек үлгісін көрсетіп, мал шаруашылығын өркендету күресіне зор үлес қосуда.

Конихов ауданындағы «Новый путь» колхозында кәзір егін жыйнау мен мемлекетке астық тасу жұмыстары кеңінен өріс алуда. Сонымен қатар, бұл колхозда қоғамдық малға жемшөп дайындау жұмыстары да қызу қарқынмен жүріп жатыр. Николай Кудашкин жолдас басқарған пішенишілер бригадасы шөп шабу мақсатына басталғалы үздік алда келеді. Осы бригададағы кеңалымды шөп машинасының машинисі Ф. Бобылов жолдас күнделік тапсырмасын үнемі артығымен орындап, колхоздың қоғамдық малын құнарлы азықпен қамтамасыз етуде көп еңбек сіңірді.

Аталған бригадада шөп шабу мен оны жыйнаудың арасында алшақтық жоқ. Шабылған шөп жауынға тигізілмей, кезінде жыйналып отырылады. Шөп мұшары И. Зуев, Т. Учайкин, В. Егоровко, қыстауға шөп тасушылар Н. Шатыков, Н. Никофоров жолдасар өзара социалистік жарысқа түсіп, еңбек өнімділігін арттыра түсуде. Бұлардың мақсаты — мал азығын дайындаудың кәзіргі мезгілі кезеңін босқа өткізбеу. Бұл колхоздың колхозшылары шөпті шауып, жыйнаумен бірге, оны сүрлеуге де ерекше назар аударып келеді.

Егер осылар сыяқты озат колхоздардың іс тәжірибелері кеңінен насихатталған болса, онда өз жеріміз, Конихов ауданы бүгінге дейін жемшөп дайындау жоспарын толық орындаған болар еді. Амал не, Конихов ауданының басшылары озаттардың тәжірибелерін насихаттау мәселесіне жете көңіл бөлмегендіктен, әсіресе, жемшөп дайындау, оны сүрлеу жұмысына нақтылы басшылық етпегендіктен ауданда 20 августқа дейін шөп шабу жоспары

ры бұрынғысынан төзгісіз баяу жүргізіле берді.

Іске басшылық етудің ең қасиеттісі сол — қай жерде кемшілік байқалса, оның орын алу сырларын ашу, ол кемшіліктерді жоюға қолма-қол көмек көрсетіп, іске жатпай өрлеу тугызу. Бұған барлық еңбекшілерді белсендіре қатыстырып, шаруашылықтың дамуына, алға басыуна жағдай жасау. Міне, Ново-Георгиев МТС-і басшыларында колхоздарға басшылық етудің бұл әдісі байқалмай келеді. Олар колхоздарға барғанда көбінесе колхоздардың председателдерімен, есепшілерімен кездесіп, мәлімет жыйнаумен шұғылданады. Істің тағдыры шешіліп жатқан пішенишілер бригадасында сирек болады. Шөп машиналарының машинистерімен кездесіп, пікір алыспайды. Олардың орынды тілектерін кезінде орындауға назар аудармайды. Осы себептерден бұл МТС-тің қамтуындағы колхоздар жемшөп дайындауда, әсіресе, оны сүрлеуде ойсыраған оқалыққа ұшырап отыр.

Үстіміздегі жылы облысымызда жемшөп сүрлеу жоспарын толық орындауға керекті мүмкіншіліктердің барлығы да бар. Быйыл колхоздарда, сондай-ақ, совхоздарда жемшөптің және жемшөптің дақылдардың, жүгерінің, құнбағыстың тағы басқа егістердің көлемі едәуір ұлғайтылды, табиғи шөптің де шығымы жақсы. Осыған қарамастан облыстың бірде-бір ауданында жемшөп дайындау, оны сүрлеу жоспарлары орындалған жоқ. 20 августқа дейін жемшөп сүрлеу жоспары Петропавл ауданында 14,2, Совет ауданында 18, Приешім ауданында 20, Мамлют ауданында 22,4 процент ғана орындалуы аудандық партия комитеттері мен Совет атқамдерінің, колхоз, МТС басшыларының бұл жұмысты кейінгі кезекке қалдырғандығын көрсетеді.

Жергілікті партия, совет ұйымдарының шаруашылық орындарының алдында тұрған кәзіргі басты міндеттердің бірі — жемшөп сүрлеу жұмысын барлық жерде бірдей қолға алып, оған қызу қарқын тугызу. Әрбір колхоз бен совхозда сүрленген жемшөптің мол қорын жасау. Іс сүрленуге арналған егілген дақылдарды жыйнап алумен ғана бітпейді. Сонымен бірге, оны сүрлеу, овош дақылдарының қалдықтарын, табиғи шабындықтарда қайта өсіп жетілген алын шөптерді шауып, оларды да сүрлеу қажет.

Жемшөпті жеткілікті мөлшерде сүрлеу

СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі құрастырмалы темірбетон конструкциялары мен бөлшектер өндіру және оларды құрылысқа енгізу қанағаттанғысыз өркендетіліп отырғандығын атап көрсетеді.

Министрліктер мен ведомстволардың басшылары құрастырмалы темірбетон конструкцияларын өнеркәсіп пен азаматтық тұрғын үй құрылыстарында қолданудың металл үнемдеуге, ағаш материалдарының шығынын кемітуге мүмкіндік беретіндігін, еңбек өнімділігін және құрылыс қарқынын арттыруды қамтамасыз ететіндігіне қарамастан, бұл мәселеге жеткілікті көңіл бөлмей келеді.

Бірқатар министрліктердің, сол сыяқты жобалау және құрылыс ұйымдарының кінәсінен кәзіргі кезде құрылыста құрастырмалы темірбетон конструкцияларын қолдану мүлде төмен дәрежеде болып отыр. Мысалы, Металлургия және химия өнеркәсіп кәсіпорындары құрылыс министрлігі 1953 жылы салынған үйлердің жалпы көлемінде небәрі 8,5 процент темірбетон қарқасын қолданып салды, ССРО Құрылыс министрлігі пайдалануға берілген үйлердің жалпы көлемінде небәрі 16,5 процентін салды.

ССРО Құрылыс министрлігі мен металлургия және химия өнеркәсіп кәсіпорындары құрылыс министрлігі бірнеше жылдан бері қарамағында едәуір мөлшерде бетон араластырып қондырғылар, қрандар және механикаландырудың басқа да құралдары бола тұрса да, құрастырмалы темірбетон конструкциялары мен бөлшектерді құрылысқа кеңінен енгізу үшін өздерінің мүмкіншіліктерін пайдаланбады.

Көптеген министрліктер металл үнемдеу жөнінде мемлекеттік мүдделерді бұрмалай отырып, үйлерді және құрылыстарды салғанда құрастырмалы темірбетон конструкциялары орнына металл конструкцияларын қолданады, мұны құрылыс мерзімін қысқарту үшін қажет болды деп түсіндіреді, бірақ шындығында құрылыс мерзімі қысқартылмайды.

Мысалы, ССРО Құрылыс министрлігі,

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті

мен ССР Одағы Министрлер Советінде

Құрылыс үшін құрастырмалы темірбетон конструкциялары мен бөлшектер өндіруді өркендету туралы

тағы басқалары қолданылады. Мұндай бұзушылыққа Сталинград қаласындағы бес қабатты қонақүйін және Новгород қаласындағы төрт қабатты тұрғын үйлерді салған кезде жол берілді. Тұрғын үйлерді салған кезде қабатаралық және шатырлық төсемдер көп жағдайда ағаштан жасалады, бұған ылғалы мол ағаш қолданылады, ал мұның өзі ағаштың шірін кетуіне, ағаш конструкцияларын жөндеу және алмастыру үшін жұмсалатын өнімсіз шығындарға әкелі соғады.

Селолық құрылыста құрастырмалы темірбетон конструкциялар мен бөлшектерді енгізу де мейлінше баяу болып келеді. ССРО Министрлер Советі 1952 жылғы 26 декабрьдегі қаулысында Москва облыстық атқару комитетіне 1953 жылы колхоздарда құрастырмалы темірбетон бөлшектерін қолданып 10 мың бас малға арналған мал қораларын салуға право берген еді. Москва облыстық атқару комитеті мен ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігі 1953 жылы Москва облысында құрастырмалы темірбетон бөлшектерін қолданып, 200 бас малға арналған бір ғана сыйыр қора салды.

Құрастырмалы темірбетон конструкцияларын өнеркәсіп, азаматтық-тұрғын үй және ауылшаруашылық құрылысында мүлде қанағаттанғысыз қолданудың, сонымен қатар металл мен ағаштың дұрыс қолданылмауының себебі тек техникалық артта қалушылық ғана емес, қайта құрылыс және жобалау ұйымдарының ең жарлығы мен кәсіпқандығынан болып отыр.

Кәзіргі кезде жобалау ұйымдарының құрамында темірбетон конструкцияларын есептеу және жобалау жөніндегі жетілген әдістерді меңгерген инженер-конструкторлардың жеткілікті мамаң кадрлары бар, бірақ үйлер мен құрылыстардың жобаларын жасағанда металл мен ағашты пайдаланатын техникалық ескірген шешімдерді қолданады. Мысалы ССРО Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігінің «Гипроцемент» институтының цемент заводтарының типтік жобасында металл конструкцияларын тек бас қорпуста ғана қол-

данып, бұған қарамастан, кәзіргі кезде жасалып жатқан құрастырмалы бөлшектердің материалдар шығыны жағынан алғанда бұрын тұтас бетоннан жасалған конструкциялардан өзгешелігі шамалы болып отыр. Металл шығынын едәуір кемітетін күшті арматуралау өте берік сымдардың тапшылығынан әлі де болса жеткілікті түрде кеңінен тарамай келеді. ССРО Қара металлургия министрлігі диаметрі 2,5—5 миллиметрлі өте берік болат сымдарды және көмір тегі төмен сымдарды, әсіресе шарғын диаметрі арматуралық болаттың кірігуі төмен сорттарының жаңа түрлерін өндіру ісін мейлінше баяу дамытып келеді, бұларды темірбетондарында қолдану кесіп өтетін элементтер мөлшерін кемітуге және металл мен бетонды үнемдеуге мүмкіндік береді.

Өте берік сымдарды, жоғары маркалы цементтерді және толтырғыш ұсақ қосындылар бөлшектерін қолдану мүмкіндіктерін құрылыс индустриясы мен жобалау ұйымдарының қызметкерлері ескермейді.

Құрастырмалы темірбетон конструкцияларын өндірудің нағыз өркендеуі ССРО Құрылыс материалдар өнеркәсіп министрлігі мен құрылыстарды жүзеге асырушы министрліктердің ССРО Министрлер Советінің 1952 жылғы 26 январьдағы кен емес құрылыс материалдарын өндіруді өркендету және темірбетон бөлшектері мен конструкцияларды өндіру туралы қаулысын осы күнге дейін толық орындамауының және темірбетон бұйымдарын жасайтын жаңа заводдарды салу жоспарын үнемі орындамауының салдары болып табылады.

Құрастырмалы темірбетон конструкцияларын жасаудың құрылыс алаңдары жағдайында ұйымдастыруға болатын полигондық әдісі өте жеткілісіз қолданылады, мұны 1953 жылы полигондық жағдайларда 40 мың шаршыметр ірі мөлшерлі төсеніш плиталарын жасаған «Криворожстрой» тресінің жұмыс тәжірибесі, сондай әдіспен 55 мың шаршыметр плита жасатқан «Запорожстрой» тресінің тәжірибесі,

С. Шаймерденов. — Жағымды герой жайында (3-4 беттер).
А. Адлер. — Жазушылар съезіне әзірлік (4-бет).
ССРО Үкметі делегациясының Бухарестке келуі (4-бет).
Румынияның фашистік езгіден азат етілуінің он жылдығына арналған Москвадағы салтанатты жыйналыс (4-бет).
Тайвань — Қытай жерінің бөлінбес бір бөлегі (4-бет).
Англияның лейбористер партиясы делегациясының Қытайда болуы жайында (4-бет).

Өнеркәсіп үйлеріне арнап өте берік бетондар саласындағы және жаңа түбірлі шешімдер саласындағы, сол сыяқты, жеке конструкциялық элементтер саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары әлі де болса мықтап артта қалып келеді.

Осал материалдарды өндіру жөніндегі карьерлердің қуатының мүлдем жеткіліксіздігі және бөлшектеу-сорттау қондырғылары құрылысының артта қалуы құрастырмалы темірбетон өндіруді дамытудағы елеулі кедергі болып табылады.

ССРО Министрлер Советінің Құрылыс істері жөніндегі Мемлекеттік Комитеті құрылысқа құрастырмалы темірбетон конструкцияларын енгізу жөніндегі жұмыстарды жеткілікті дәрежеде жүргізбеді.

Құрастырмалы темірбетон конструкциялары мен бөлшектерді өндіруді өркендетудегі, оларды тұрғын үй, өнеркәсіп және селолық құрылыстарда қолданудағы жол беруге болмайтын артта қалушылықты жою мақсатымен СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі қаулы етеді:

1. Министрліктер мен ведомстволарға құрастырмалы темірбетон конструкциялары мен бөлшектерді өндіруді арттыру міндеттелсін, мұның үшін кәзіргі кәсіпорындар ұлғайтылып, жаңа кәсіпорындар салынатын болсын.

Кәсіпорындарда темірбетон плиталарын, балкаларды, колонналарды жапқыш және төсеніш панельдерді, қабырғалық панельдерді, кран астына қойылатын балкаларды, іргелік плиталарды, табалдырықтық маршруттерді және алаңшаларды, ферма элементтерін, көпірлердің аралық құрылыстарын, тоннельдерге арналған любингтерді, көмір шығарылатын орындарға арналған тіреулерді, трубаларды және бағаналарды, тағы басқа темірбетон конструкциялар мен бөлшектерді жасап шығару қамтамасыз етілсін.

Министрліктер мен ведомстволар 1955 және 1956 жылдары 402 завод және 200 полигон типті алаңша салатын болсын, бұлардың жалпы қуаты 1955 жылы —

ана орындалып отыр.

Жемшөп дайындауға Полудень ауданы артта қалып келеді. Бұл ауданда 20 августқа дейін жемшөп дайындау жоспары 31 процент, жемшөп сүрлеу жоспары 35,1 процент ғана орындалып отыр. Мұның себебі не? Мұның себебі, ең алдымен, қолхоздардың, МТС-тердің басшылары пішінілер арасында еңбекті дұрыс ұйымдастыра алмай, олардың социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерінің орындалуына жетісе алмай, қолда бар күш-мүмкіншілікті жемшөп дайындауға, оны сүрлеуге пайдалана білмей отырғандығында.

Осы аудандары «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында жемшөп сүрлеудің барысы өте-өте баяу. Бұл колхозта бүгінге дейін небары 50 тонна шөп сүрленген. Ал, бұл төзгісіз жағдай, қолхоз басшыларын типті қынжылтпайтын да көрінеді. Олар тек егін жыйнау жұмысымен ғана шұғылданып, мал азығын дайындауды естен шығарған. Мұның өзі іске басшылық етуде біржақтылыққа салынған деген сөз.

Аталған колхозды Ново-Георгиев МТС-і қамтыды. Айта кету керек, МТС, оның директоры Шевченко, аудандық партия комитетінің МТС аймағы жөніндегі секретары Бодров жолдастар қолхоздарды жемшөптен қамтамасыз ету күресіне барлық механизаторларды бірдей жұмылдыра алмай келеді. Шөп машиналарын жұмысқа толық қосып, оларды өнімді пайдаланып отырған жоқ. МТС басшылары «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозында бірнеше рет болды. Бірақ, олардың болғанымен жұмыс барысына ешқандай өзгеріс қылмады, шөп шабу, оны сүрлеу жұмыста-

жеткілікті болуып, ондағы жұмыстардың механикаландырылуын қамтамасыз ету қажет. Жемшөп сүрлеуге зоотехниктерді, мал дәрігерлерін және мал шаруашылығындағы озаттарды қатыстыру, бұл іске ғылымилық жетістіктері мен озаттардың тәжірибелерін батыл енгізу керек. Мал шаруашылығының мамандары — мал азығын дайындау ісін басқаруда негізгі тұлға. Олар істі ұйымдастыруда, жемшөп сүрлеу жолдарын қолхозшыларға үйретуде зор роль атқаруға тиіс.

Көзір облыста егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру, мал қораларын салу сияқты негізгі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Бұл кезде жемшөп дайындау, оны сүрлеу жұмыстары тоқтатылып қалуға тиісті емес. Қайта бұл жұмысқа шаруашылықтың барлық саласымен бірдей кең өрістетіліп, үздіксіз жүргізіліп отырылуы керек. Сондықтан жергілікті партия, совет ұйымдары бұл жұмысқа әрдайым көңіл бөліп, шаруашылыққа басшылық ету де біржақтылыққа салынушылыққа, шаруашылық жұмыстарды кезекке қоюшылыққа жол бермеулері қажет. Мұндай кемшіліктерге жол беру мал шаруашылығын өркендетуге көріне-көзге нұқсан келтіреді.

Мал шаруашылығын өркендету мүдделі жергілікті партия, совет ұйымдарының және шаруашылық орындарының басшыларынан қоғамдық маңға қажетті жемшөпті барынша мол дайындауды, оны деркесінде сүрлеуді талап етеді. Ал, бұл жөніндегі жоспарлардың әрбір колхоз бен совхозта толық орындалуын қамтамасыз ету — жергілікті партия, совет ұйымдарының және шаруашылық орындары басшыларының төл ісі.

Флот адмиралы И. С. Исаковты Ленин орденімен наградтау туралы

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Флот адмиралы И. С. Исаковтың туғанына 60 жыл толуына байланысты және оның Совет мемлекеті мен соғыс-теңіз күштері алдында сіңірген еңбектері атап көрсетіліп, Иван Степанович Исаков жолдас Ленин орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **К. ВОРОШИЛОВ.**
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Н. ЛЕГОВ.**
Москва, Кремль. 21 август, 1954 жыл.

Т. С. Горбунов жолдасты Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтау туралы

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Белоруссия Компартиясы Орталық Комитетінің секретары Т. С. Горбунов жолдастың туғанына 50 жыл толуына байланысты және оның белсенді қоғамдық-саяси қызметі атап көрсетіліп, Тимофей Сазонович Горбунов жолдас Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **К. ВОРОШИЛОВ.**
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Н. ЛЕГОВ.**
Москва, Кремль. 21 август, 1954 жыл.

20 Жылдан бері комбайншы

ҚОСТАНАЙ. (ҚазТАГ). Буденный МТС-інің қарт комбайншысы Михаил Бережной Пресногорьков ауданындағы Гвардиялық сесізімші дивизия атындағы колхозда бүгін егін жыйнауға кірісті.

Михаил Бережной быйыл жыйырмасыншы рет егін жыйнайды. Бережной комбайнды колхоздың егіс даласына алғаш-

қы рет 1934 жылы шығарған болатын. Қарт механизатор 20 жылдың ішінде 10 мың гектардай масақты дақыл, жүздеген гектар басқа да дақылдар жыйнады, 1 миллиондай пұт астық бастырды.

Отан қарт комбайншының еңбегін жоғары бағалап, оны Ленин орденімен және Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтады.

орындары құрылыс министрлігі және ССРО Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп-товарлар министрлігі Камышин, Энгельс және Барнаул қалаларында мақта-мата комбинаттарын салған кезде металл конструкцияларын қолданды. Бірақ бұл объектілерді салу Үкмет белгілеген мерзімнен едәуір кешігіп отыр.

ССРО Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп-товарлар министрлігі 1954 жылы 46 тігін фабрикасын салуға кірісті, оларды пайдалануға беру мерзімі 1956—1957 жылдар болатын. Мұндай жұмыстар бұрын әрдайым темірбетонмен салынып келгеніне қарамастан, тігін фабрикаларының жобалары металл конструкцияларын қолданатын болып жасалған. Мұның өзі құрылысты тездету қажеттігіне негізделген. Темірбетон конструкцияларының орнына көрсетілген 6 мың тонна металл керек еткен металл конструкцияларын қолдану тігін фабрикаларын салуды тездеткен жоқ.

ССРО Құрылыс министрлігі, Стаяк жасау және аспан министрлігі 1952 жылы «Фрезер» зауытында цехтың үш қабатты үйін салуға кірісті. Үйдің жобасы металл колонналарын, прогондар және үй төбесін жабатын балкалар қолданылатын болып жасалған. Құрастырмалы темірбетон конструкцияларымен салыстырғанда мұның өзі металл шығынын арттыруға әжеп соқты. Құрастырмалы темірбетон конструкцияларын қолдану металл шығыны соншалықты мөлшерде болғанының өзінде үйдің көлемін үш есе үлкен етіп салуға мүмкіндік берген болар еді.

Тұрғын үй құрылыстарын салатын көптеген ұйымдар металл үнемдеп жұмсауды міндетті ережелерін бұзып келеді. Көп жағдайларда тұрғын және азаматтық үйлердің төбесін жабу үшін құрастырмалы темірбетон бөлшектерінің орнына металл балкалары, колонналары, жоспарлар

архивтен алынған жазба, сонмен бірге аралықтары шағын қосалқы үйлерде де қолданы.

Жобалау ұйымдары құрылыс конструкциялары мен бөлшектерді типтендіру және унификациялау жөніндегі жұмыстарды мейлінше қанағаттанғысыз жүргізіп келеді, мұның өзі құрастырмалы темірбетон конструкцияларын заводтарда өндіруге кедергі жасауда. Металлургия және химия өнеркәсіп кәсіпорындары құрылыс министрлігінің «Горстройпроект» институты ұзақ уақыт бойы үйлердің құрастырмалы типтік темірбетон конструкциялары мен бөлшектерінің каталогін жасауды аяқтамады.

Москва қалалық атқару комитетінің Архитектуралық-жоспарлау басқармасында және Москвадағы тағы басқа жобалау ұйымдарында типтендіру жөніндегі жұмыстардың қанағаттанғысыз болуы себепті Москвада осы күнге дейін типтік құрастырмалы темірбетон конструкциялары мен бөлшектер каталогі міндетті түрде қолданылмай келеді.

Жобалау ұйымдары құрастырмалы темірбетон конструкцияларын қолдану арқылы өртүрлі өндірістік цехтар ретінде пайдалануға боларлық өнеркәсіп үйлерінің типтік жобаларын жасаған жоқ.

Соңғы жылдары темірбетон конструкцияларын есептеу, конструкциялау және жасап шығару техникасында металл мен цементті аз жұмсай отырып, мейлінше берік жұқа қабырғалы конструкциялар жасауға мүмкіндік беретін едәуір өзгерістер болды. Алдын ала күшейтілген темірбетонды сол сияқты, өте берік бетонды қолдану және конструкцияларды тиімді түрде қыюға көшу металл мен цемент шығынын едәуір азайтуға және конструкцияның салмағын 20—30 процент кемітуге мүмкіндік береді.

еңін жұмыстары темірбетон конструкцияларын құрылыс алаңдарының полигондарында жасаудың үнемшідік жағынан қолайлы және тиімді екендігін растап отыр. Бұған қарамастан құрастырмалы темірбетон конструкцияларын жасау жөніндегі қолда бар тәжірибелер насихатталмай және таратылмай келеді.

темірбетон конструкциялар мен бөлшектер және 1956 жылы — 4855 мың текшеметр құрастырмалы темірбетон конструкциялар мен бөлшектер жасап шығарарлықтай болсын, бұлар жалпы көлемі мынадай тұрғын, өнеркәсіп және ауылшаруашылық үйлерін салуды қамтамасыз ететін болсын:

Жылдары	Тұрғын үй құрылысы (мың шаршыметр тұрғын үй көлемі)	Өнеркәсіп құрылысы (мың шаршы метр үй көлемі)	Ауылшаруашылық құрылысы (мың шаршы метр үй көлемі)
1955 ж.	5300	2817	3230
1956 ж.	9270	3767	5170
Барлығы 1955—1956 жылдары	14570	6584	8400

Мұның үстіне 1955 және 1956 жылдары қуаты 15,4 мың погонметр құрастырмалы темірбетон көпір конструкцияларын және 3 миллионнан аса погонметр құрастырмалы темірбетон трубаларын өндіруге арналған кәсіпорындарын салу тапсырмалары белгіленсін.

2. Заводтар мен полигондарда құрастырмалы темірбетон конструкциялары мен бөлшектер өндіру арттырылсын, бұл бұйымдар мынадай мөлшерде шығарылатын болсын:

(Миллион текшеметр)			
1954 ж.	1955 ж.	1956 ж.	1957 ж.
1,860	3,515	6,085	9,790

3. Министрліктер мен ведомстволарға тұрғын үй, өнеркәсіп және ауылшаруашылық құрылыстарын жобалағанда және салғанда құрастырмалы темірбетон конструкциялары мен бөлшектерді қолдану міндеттелсін:

Өнеркәсіп құрылысында — колонналар, балкалар (погондар) ферма элементтері, жапқыш, төсеніш және қабырға панельдері, ұялы бетондардан жасалған архитектуралық жапқыш плиталар, гран астына қойылатын балкалар, іргеліктер, қоршаулар және терезе жақтауларының қоршаулары;

(Соңы 2-бетте)



Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушыларға социалистік ауыл шаруашылығындағы табыстары үшін берілетін үлкен алтын медаль, Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушыларға берілетін қола медаль, Медальдің ішкі және сыртқы беті.

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ССР Одағы Министрлер Советінде

Құрылыс үшін құрастырмалы темірбетон конструкциялары мен бөлшектер өндіруді өркендету туралы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Транспорт құрылысында — құрастырмалы темірбетон көпір аралықтарының құрылыстары; жолаушылар және жүк тасыйтын платформалар және контакт сепкаларының тіреулері;

Азаматтық тұрғын үй құрылысында — құрастырмалы темірбетон колонналары, прогондар жеңіл және ұялы бетондардан жасалған көп қуысты және жиі қабырғалы төсеніш панельдері мен тұтас төселетін төсеніштер, қабырғалар мен бөлгіштерге арналған панельдер, табалдырықтық марштар мен алаңшалар, қоспалар, терезе астына салынатын плиталар мен іргеліктер;

Ауылшаруашылық құрылысында МТС-тердің мастерскойлары мен гараждарына және мал қораларына арналған колонналар, балкалар және плиталар, темірбетон теплицаларының, шариқтердің және шөп сүрлеу құрылыстарының бөлшектері;

Шахта құрылысында — темірбетон ұстындары және тіреудің басқа элементтері; мұның үстіне қысымды, қысымсыз темірбетон трубалары мен бетон трубалары, сырықтар, электр қуатын беру және байланыс линияларына арналған бағаналар, дінгектер және сондайлар қолданылуға тиіс.

Құрастырмалы темірбетон конструкциялары мен бөлшектерін өндіру бекітілген каталогтарға, конструкциялар мен бөлшектердің нормаларына және қолданылып жүрген мемлекеттік бүкілодақтық стандарттарға толық сәйкес жүзеге асырылсын.

Өте берік қатты бетондардан жасалған және өте берік сыммен арматураланған мейлінше тиімді жұқақабырғалы және қуыс құрастырмалы темірбетон конструкциялары мен бөлшектер өндіріске енгізілсін.

4. Металдарды үнемдеу мақсатымен өнеркәсіп құрылысында министрліктер мен ведомстволардың жобалау ұйымдарына үйлер мен құрылыстардың жобаларын жасаған кезде металл конструкцияларының орнына темірбетон, көбінесе құрастырмалы темірбетон конструкцияларын қолдануға боларлық жағдайлардың бәрі де де металл конструкцияларын қолдануға жол бермей, құрастырмалы темірбетон конструкциялары мен бөлшектерін кеңінен енгізу міндеттелсін.

Үйлер мен құрылыстардың өз алдына бекітілген тізіміне лайық мерзімдерде өнеркәсіптің әртүрлі салаларының үйлері мен құрылыстарын салу үшін металл конструкцияларын қолдануға тыйым салынсын.

ССРО Министрлер Советінің Құрылыс

беттік комитет қайталап қолдануға ұсынған типтік жобалар мен үнемді жобалар бойынша салынуға тиіс екендігі белгіленсін.

7. Министрліктер мен ведомстволар құрастырмалы темірбетон конструкциялары мен бөлшектер жасайтын кәсіпорындарды салу үшін алаңдарын таңдап алғанда Үкметтің өнеркәсіптік шикізат шығарылатын жерлерге және тұтынатын аудандарға жақындату туралы, сол сыяқты, тиімсіз және өте алыс тасымалдарды азайту туралы нұсқауын басшылыққа алатын болсын.

8. Металл конструкцияларын құрастырмалы темірбетон конструкциялармен бөлшектер заводтары үйлерінің каркастарын жасау үшін қолдануға тыйым салынсын, бұл каркастарды құрастырмалы темірбетон конструкциялардан жасауды әдетке айналдыру көзделсін, бұл үшін мұндай заводтарды салғанда құрастырмалы темірбетон конструкциялары мен бөлшектерді полигондық әдіспен жасау ұйымдастырылсын.

9. Металлургия және химия өнеркәсіп кәсіпорындары құрылысы министрлігі ССРО Құрылыс министрлігімен және ССРО Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігімен бірлесіп, өнеркәсіптік құрылысқа арналған унификацияланған құрастырмалы темірбетон бұйымдар мен конструкциялардың номенклатурасын және типтік мөлшерлерін жасап, 1954 жылдың декабрінен кешіктірмей ССРО Министрлер Советінің құрылыс істері жөніндегі Мемлекеттік комитетіне тапсыруға міндеттелсін.

ССРО Министрлер Советінің құрылыс істері жөніндегі Мемлекеттік комитеті құрастырмалы темірбетон конструкциялардың аталған номенклатурасы мен типтік мөлшерлерін 1955 жылғы февральдан кешіктірмей қарап, бекітетін болсын.

10. Құрылыс практикасына өнеркәсіптің әртүрлі салаларында қолдануға жарайтын универсалдық-өнеркәсіптік бір қабат және көп қабат үйлердің жаңа типтерін енгізу қажет деп танылсын, бұл үшін Металлургия және химия өнеркәсіп кәсіпорындары министрлігіне мыналар міндеттелсін:

а) 1954 жылы үш типті бір қабат өндірістік үйлердің жобалары жасалсын; олардың аралықтары 18 және 24 метр, колонналарының ашақтығы 6 метр болсын, 5—30 тонна жүк көтеретін көпірлі қрандармен жабықталған унификацияланған биіктіктері және нағружалары болсын; үйлер құрастырмалы темірбетон конструкциялардан жасалып, жалпы көлемі 10—16 мың шаршыметр болсын; металдан жасалған шатыр таянаштарын тек

құрастырмалы темірбетон конструкциялары мен бөлшектерді тұрғын үй, өнеркәсіп және ауылшаруашылық құрылысында қолдану жөніндегі нұсқауларды жасап, ССРО Министрлер Советінің құрылыс істері жөніндегі Мемлекеттік комитетіне тапсыруға міндеттелсін; нұсқауларды жасағанда болат және ағаш конструкциялар мен бөлшектердің орнына құрастырмалы темірбетонды қолдануды едәуір кеңейту және алты қабатты және одан биік тұрғын үйлер мен азаматтық үйлердің іргесін тастан қалауды тездеп, оларды құрастырмалы бетоннан және темірбетоннан жасау көзделсін.

13. Темірбетон конструкциялар мен бөлшектер заводтарының өндірістік қуаттарының құрылысын жеделдетіп, оларды іске қосуды тездету мақсатымен 1954 жылы күрделі қаржылар мына мөлшерде көбейтілсін:

а) ССРО құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігіне 185 миллион сом;

б) ССРО Құрылыс министрлігіне 69,8 миллион сом;

в) Металлургия және химия өнеркәсіп кәсіпорындары құрылыс министрлігіне 40,2 миллион сом;

г) Құрылыс және жол машиналарын жасау министрлігі бойынша 1954 жылғы күрделі қаржылардың көлемі құрастырмалы темірбетон бұйымдар заводтарына арналған жабықтарды жасау жөніндегі заводтарды кеңейтуге 35 миллион сом көбейтілсін.

14. ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті, Авиация өнеркәсіп министрлігі, Автомобиль, трактор және ауылшаруашылық машиналар жасау министрлігі, Қазақ және ағаш өңдеу өнеркәсіп министрлігі, ССРО Мұнай өнеркәсіп министрлігі, Қорғаныс өнеркәсіп министрлігі, Қатынас жолдар министрлігі, Металлургия және химия өнеркәсіп кәсіпорындары құрылысы министрлігі, Электр станциялары министрлігі, ССРО Автомобиль-транспорт және тас жолдар министрлігі, ССРО Ішкі істер министрлігі, ССРО Қорғаныс Министрлігі, ССРО Ет және Сүт өнімдері өнеркәсіп министрлігі, ССРО Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрлігі, ССРО Құрылыс материалдар өнеркәсіп министрлігі, ССРО Көпшілік тұтынатын товарлар өнеркәсіп министрлігі, ССРО Балық өнеркәсіп министрлігі, ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігі, ССРО Совхоздар министрлігі, ССРО Құрылыс министрлігі, ССРО Көмір өнеркәсіп министрлігі, ССРО Түсті металлургия министрлігі, РСФСР Министрлер Советі, Украин ССР Министрлер Советі және «Главмострой» 1955—1956 жылдарда құрастырмалы темірбетон конструкциялары мен бөлшектер шығаратын

г) 18-а пунктінде аталмаған құрастырмалы темірбетон конструкциялары мен бөлшектер және ұялы бетондар заводтары мен цехтарының, сол сыяқты, полигон қондырғыларының жабықтарын комплектілеу және монтаждау ісін осы заводтар мен қондырғылар қарайтын министрліктер жүргізеді деп белгіленсін.

16. ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитетіне министрліктерге қаржы бөлуді қарастыру міндеттелсін, ал ССРО Қара металлургия министрлігіне — заводтар мен полигондарда құрастырмалы темірбетон өндіру үшін 1955 жылы диаметрі 2,5—5 миллиметр беріктігі 180 кг/мм 2-ға дейін болатын болат сымнан 20 мың тонна және ГОСТ—6727—53 көміртегі төмен болат сымнан 50 мың тонна және 1956 жылы осыған сәйкес 30 және 120 мың тоннадан беруге міндеттелсін.

17. ССРО Қара металлургия министрлігіне темірбетон конструкциялардың арматураларын жасау үшін шамалы ғана шымырланған АН-1 болатынан диаметрі 6, 7, 8 және 9 миллиметр дүркінді түрде шығарылатын қатанкаларды өндіруді ұйымдастыру туралы ұсыныстарды екі айлық мерзімде ССРО Министрлер Советіне тапсыру міндеттелсін.

18. ССРО Құрылыс министрлігіне 1954 жылы қосымша мына жұмыстарды атқару міндеттелсін:

а) ССРО Құрылыс материалдар өнеркәсіп министрлігі үшін 49,1 миллион сом көлеміндегі құрылыс-монтаждау жұмыстары, оның ішінде темірбетон бұйымдар заводтары салу жөнінде: Москва облысының Клязьин қаласында—2,7 миллион сом, Киев қаласында—4,5 миллион сом, Ленинград қаласында—3,6 миллион сом; Москва облысының Вязовка селосындағы архитектуралық темірбетон бөлшектер зауытының құрылысы—3,6 миллион сом; Москва облысының Серпухов қаласындағы темірбетон трубалар зауытының құрылысын—2,7 миллион сом; Москва қаласындағы (Фили) темірбетон трубалар зауытының құрылысын—3,0 миллион сом; Москва облысының Вязовка селосындағы пеноцимент бұйымдар зауытының құрылысын—9,0 миллион сом; темірбетон плита—наестилдер жасайтын қондырғылардың құрылыстары: Харьков қаласында—5,0 миллион сом, Дондағы Ростов қаласында—5,0 миллион сом, Краснодар қаласында—5,0 миллион сом, Москва қаласында—5,0 миллион сом;

б) Құрылыс және жол машиналарын жасау министрлігі үшін 14,5 миллион сом көлеміндегі құрылыс-монтаждау жұмыстары, оның ішінде Челябинск қаласында «Строммашина» зауытының құрылысын—2,5 миллион сом, Харьков қаласында

лығы істері жөніндегі Мемлекеттік комитетіне мыналар міндеттелсін:

а) құрастырмалы темірбетон өндірудің және оны қолданудың озат тәжірибесі жыйыңдалып, құрылысты комплексті түрде механикаландырудың және оған жаңа техниканы енгізудің мемлекеттік жоспарларында құрастырмалы темірбетон конструкциялар мен бөлшектердің жаңа типтерін игеру жөніндегі тапсырмалар құрастырылсын және құрастырмалы темірбетонды өндіру және қолдану саласындағы жетістіктер күнделікті баспасөзде кеңінен жазылсын;

б) құрастырмалы темірбетон конструкциялар мен бөлшектерді унификациялау және стандарттау жөніндегі жұмыс күшейтіліп, стандарттаудың ашылық жоспарларында заводтарда жасалатын құрастырмалы конструкциялар мен бөлшектердің Мемлекеттік жалпы одақтық стандарттарын жасау көзделсін;

в) 1955 жылдың бас кезінде құрылысшылардың Бүкілодақтық ғылыми инженер-техникалық доғамымен бірлесіп темірбетон және бетон жөніндегі Бүкілодақтық конференция өткізілсін.

22. ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті мен ССРО Министрлер Советінің құрылыс істері жөніндегі Мемлекеттік комитетіне мүдделі министрліктер мен ведомстволардың қатысуымен екі айлық мерзімде құрастырмалы темірбетон конструкциялар мен бөлшектерді өндіруді және құрылыста қолдануды есептеуді жоспарлауға арналған көрсеткіштерді дайындап, белгілеу міндеттелсін.

23. ССРО Құрылыс материалдар өнеркәсіп министрлігіне мыналар міндеттелсін:

а) Металлургия және химия өнеркәсіп кәсіпорындары құрылысы министрлігінің және ССРО Құрылыс министрлігінің қатысуымен құрастырмалы темірбетон бұйымдардың көтерме сауда бағалары прекураторының озат кәсіпорындардағы құрастырмалы темірбетон конструкциялары мен бөлшектердің өзіндік құнының дәрежесін негізге алып, сағатын бағаларды едәуір кемітуді қоздытқан жобасын дайындап, ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитетімен және ССРО Министрлер Советінің құрылыс істері жөніндегі Мемлекеттік комитетімен келісіп, 1954 жылдың 1 октябріне ССРО Министрлер Советіне тапсыратын болсын;

б) құрастырмалы темірбетон конструкциялары мен бөлшектерді өндіру процесінің ұзақтығын едәуір азайтуға мүмкіндік беретін тез қататын цементті өндірістік жағдайда алу үшін қажетті зерттеулер жүргізілсін, сөйтіп 1955 жылдың 1 апреліне дейін ССРО Министрлер Советіне оны

Омск темір жолының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша жетекші мамандықтағы қызметкерлерін, жоғары, аға және орта басшылары құрамын ордендермен және медальдармен наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

(Басы «Ленин туының» 21-22 августағы номерлерінде)

5. Белопецкий Аркадий Харитонович—Петропавл паровоз депосының машинисі.

6. Белоусов Николай Иосифович—Петропавл жол дистанциясының жол байқаушысы.

7. Бельин Петр Григорьевич—Петропавл паровоз депосының машинисі.

8. Берников Михаил Иванович—Петропавл паровоз депосының мастери.

9. Богданова Анастасия Иосифовна—Петропавл резервінің бас кондукторы.

10. Богинский Нарцыз Демьянович—Петропавл паровоз депосының машинисі.

11. Бондаренко Александр Петрович—Петропавл паровоз депосының бас бухгалтері.

12. Будно Мария Игнатьевна—Ярма станциясының кезекшісі.

13. Ветошкин Петр Алексеевич—Петропавл паровоз депосының машинисі.

14. Воронина Варвара Федоровна—Петропавл станциясының стрелочнигі.

15. Глухих Григорий Васильевич—Петропавл хабар беру және байланыс дистанциясының электр механигі.

16. Глухих Иван Иванович—Петропавл участогі поезд-вагон мастери.

17. Горашенно Иван Павлович—Петропавл паровоз депосының машинисі.

18. Григорьев Александр Данилович—Петропавл вагон депосының бригадирі.

19. Гурьянов Сергей Андреевич—Петропавл хабар беру және байланыс дистанциясының электр механигі.

20. Демидов Александр Тимофеевич—Петропавл жол дистанциясының бригадирі.

21. Демин Михаил Иванович—Петропавл паровоз депосының машинисі.

22. Диденко Николай Владимирович—Петропавл паровоз депосының машинисі.

23. Дмитриева Елизавета Павловна—Петропавл хабар беру және байланыс дистанциясының электр механигі.

24. Дмитриева Парасковья Григорьевна—Петропавл жол дистанциясының көпір байқаушысы.

25. Егорова Таисия Михайловна—Петропавл станциясының стрелочнигі.

26. Емелин Алексей Алексеевич—Петропавл станциясы қабылдау және боса-

«Құрылыста металл, цемент және ағашты үнемдеу жөніндегі техникалық ережелерді» екі айдың ішінде осы қаулыға лайықпен әзірлеу және көп тиықпен басып шығару жүктелсін.

5. Тұрғын және мәдени-тұрмыстық үйлердің құрылысын арттыру, бұл үйлерді салуда құрастырмалы темірбетон конструкцияларын қолдану арқылы прокат металл және ағаш шығындарын кеміту мақсатымен мыналар істелсін:

а) 1955 жылдан бастап жаңадан салынатын тұрғын және мәдени-тұрмыстық үйлерді жобалағанда және салғанда металл каркастарын, сол сыяқты, металл балкаларын, қабаты аралық және шатырлық төсеніштердегі прогондарды, қоспаларды қолдануға тыйым салынсын;

б) 1955 жылдан бастап жаңадан салынатын биіктігі 6 қабат және одан да биік тұрғын үйлерді және биіктігі 4 қабат және одан да биік мәдени-тұрмыстық үйлерді жобалағанда және салғанда ағаш төсеніштерді қолдануға тыйым салынсын;

в) 1957 жылдан бастап биіктігі 4 қабат және одан да биік тұрғын үйлерді, биіктігі 3 қабат және одан да биік мәдени-тұрмыстық үйлерді, биіктігі 2 қабат балалар мекемелерінің үйлерін жобалағанда және салғанда ағаш төсеніштерді қолдануға тыйым салынсын. Аталған үйлердің төсеніштеріне ағаш материалдарын қолдануға ағаш жергілікті құрылыс материалдары болып табылатын аудандарда әжеке жағдайларда ғана жол берілетін болсын.

6. ССРО Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігіне, Құрылыс және жол машиналарын жасау министрлігіне, Металлургия және химия өнеркәсіп кәсіпорындары құрылыс министрлігіне және ССРО Құрылыс министрлігіне құрастырмалы темірбетон конструкциялары мен бөлшектерін өндіру жөніндегі кәсіпорындардың типтік жобаларын жасау, ССРО Министрлер Советінің құрылыс істері жөніндегі Мемлекеттік комитетінің бекітудіне табыс ету міндеттелсін.

Министрлер Советінің құрылыс істері жөніндегі Мемлекеттік комитетіне құрастырмалы темірбетон конструкцияларын өндіру жөніндегі кәсіпорындардың типтік жобаларын басып шығару міндеттелсін. 1955 жылы салына басталатын құрастырмалы темірбетон конструкцияларын өндіру жөніндегі кәсіпорындар ССРО Министрлер Советі жанындағы құрылыс істері жөніндегі Мемлекеттік комиссияның құрылыс және жол машиналарын жасау министрлігіне, Металлургия және химия өнеркәсіп кәсіпорындары құрылыс министрлігіне және ССРО Құрылыс министрлігіне құрастырмалы темірбетон конструкциялары мен бөлшектерін өндіру жөніндегі кәсіпорындардың типтік жобаларын жасау, ССРО Министрлер Советінің құрылыс істері жөніндегі Мемлекеттік комитетінің бекітудіне табыс ету міндеттелсін.

қолдануға жол берілеін:

б) екі секциялы төрт қабатты және үш секциялы бес қабат өндірістік үйлердің типтік жобаларын жасалсын; олар құрастырмалы темірбетон конструкциялардан жасалсын, колонналарының торы 6x6 метр, кеңдігі 36 метр және унификацияланған биіктіктері мен нагрузқалары болсын; бұл үйлер азық-түлік товарлар өнеркәсібінің, көпшілік тұтынатын товарлар өнеркәсібінің радиотехника және электротехника өнеркәсібінің түрліше қажетін өтеу өнеркәсібінің кәсіпорындары мен басқа кәсіпорындарға арналып, үйлердің бірінде өндірістік және көмекші цехтар, сол сыяқты, қоймалар мен кеңсе үйлері орналастырылсын; бұл жобалар мына мерзімдерде жасалатын болсын;

жобалау жөніндегі тапсырма 1954 жылғы октябрьде, жұмыс чертеждері 1955 жылдың I тоқсанында,

санитарлық-техникалық және электротехникалық жұмыстар жөніндегі жұмыс чертеждері 1955 жылдың II тоқсанында, ССРО Министрлер Советінің құрылыс істері жөніндегі Мемлекеттік комитеті құрылыста қолдану үшін бір қабатты және көп қабатты өндірістік үйлердің аталған типтік жобаларын бекітсін.

11. ССРО Дайындау министрлігі мен ССРО Министрлер Советі жанындағы мемлекеттік материалдық резервтердің басқармасы құрастырмалы темірбетон астық қоймаларының типтік жобаларын келісу үшін 1954 жылғы I септальден кешіктірмей ССРО Министрлер Советінің құрылыс істері жөніндегі Мемлекеттік комитетіне тапсыруға міндеттелсін.

ССРО Министрлер Советінің құрылыс істері жөніндегі Мемлекеттік комитеті құрастырмалы темірбетон астық қоймаларының типтік жобаларын жөнінде бір ай мерзімде келісіп, оларды 1955 жылғы I мартқа дейін басып шығарылатын болсын.

12. Металлургия және химия өнеркәсіп кәсіпорындары құрылыс министрлігі ССРО Құрылыс министрлігінің, Қатынас жолдары министрлігінің, Электр станциялары министрлігінің, ССРО Мұнай өнеркәсіп министрлігінің, ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігінің, ССРО Совхоздар министрлігінің, ССРО Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігінің және ССРО Архитектура академиясының қатысуымен 1955 жылдың II тоқсанынан кешіктірмей

кәсіпорындарының өндірістік қуатын іске қосу жөнінде осы қаулыда белгіленген тапсырмаларды орындау мақсатымен құрастырмалы темірбетон өнеркәсібін өркентегі 1955 жылды—I миллиард 725 миллион сом және 1956 жылды—2 миллиард 160 миллион сом күрделі қаржы болуде міндеттелсін.

15. Құрастырмалы темірбетон конструкциялар мен бөлшектер заводтарының дер кезінде пайдалануға берілуін қамтамасыз ету мақсатымен:

а) Құрылыс және жол машиналарын жасау министрлігіне жылына 120, 60, 30 және 15 мың текшеметр өнім беретін темірбетон бұйымдар заводтарының, жылына 60 және 30 мың текшеметр өнім беретін темірбетон трубалар заводтарының, жылына 30 мың текшеметр өнім беретін архитектуралық бөлшектер заводтары мен жылына 120, 60, 30 және 15 мың текшеметр өнім беретін ұялы бетон заводтарының технологиялық жабдықтарын жасап, комплектілеу және осы заводтардың жабдықтарын монтаждау жүктелсін;

б) Кеме жасау өнеркәсіп министрлігінің, ССРО Көмір өнеркәсіп министрлігінің, Электротехникалық өнеркәсіп министрлігінің, Металлургия және химия өнеркәсіп кәсіпорындары құрылыс министрлігінің, Станок жасау және аспап өнеркәсіп министрлігінің, Машина жасау және прибор жасау министрлігінің, ССРО Мұнай өнеркәсіп министрлігінің, Қорғаныс өнеркәсіп министрлігінің, ССРО Құрылыс министрлігінің және Транспорт машиналарын жасау министрлігінің кәсіпорындары заводдар мен полигондардың технологиялық жабдықтарын жобалауға және дайындауға міндетті түрде қатысуға тиіс деп танылсын;

в) Құрылыс және жол машиналарын жасау министрлігі осы қаулыда көзделген заводтарды комплектілеу үшін технологиялық жабдықтарды жобалау және жасау жөнінде «В» пунктінде аталған министрліктерге берілетін тапсырмалар туралы ұсыныстарды екі апталық мерзім ішінде ССРО Министрлер Советіне және ол ұсыныстардың көшірмелерін ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитетіне тапсыратын болсын;

ССРО Мемлекеттік жоспарлау комитеті бір ай мерзім ішінде мүдделі министрліктермен бірлесіп бұл ұсыныстарды қарап, өзінің қорытындысын ССРО Министрлер Советіне тапсыратын болсын;

«Красный Октябрь» зауытының құрылысы—2 миллион сом, Кострома қаласында «Строммашина» зауытының құрылысы—5 миллион сом, Иваново облысының Кохма қаласында бетон және темірбетон бұйымдарын жасауға арналған жабдықтар өндіретін зауыттың құрылысы—3 миллион сом және Дондағы Ростов қаласында «Строммашина» зауытының құрылысы—2 миллион сом.

19. Металлургия және химия өнеркәсіп кәсіпорындары құрылыс министрлігіне 1954 жылы ССРО Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігі үшін 13,8 миллион сом көлеміндегі құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау міндеттелсін, оның ішінде: Москва облысының Коломна қаласында темірбетон бұйымдар зауытының құрылысы—3,8 миллион сом, Кривой Рог және Запорожье қаларында темірбетон пайта—настигдер шығаратын қондырғылар құрылысы—әрқайсысына техникалық документтермен қамтамасыз етілмеген объектілер есебінен 5,0 миллион сомнан.

20. Құрастырмалы темірбетон конструкциялар мен бөлшектерді қолданған құрылыстың озат әдістерін насихаттау және құрылыстардағы инженер-техник қызметкерлердің мамандығын арттыру мақсатымен 1955 жылы өнеркәсіптік, ауылшаруашылық, тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық үйлердің құрастырмалы ірі конструкциялары мен бөлшектерін қолданып, индустриялық әдіспен мынадай тәжірибе-үлгі құрылысы ұйымдастырылсын: «Главмосстрой»—Москва қаласында тұрғын үй жектеу және аурухана; ССРО Құрылыс министрлігі—құрылыс өнеркәсібі топтастырылған аудандардың бірінде өнеркәсіптік үйі ССРО Ауыл шаруашылығы министрлігі—УССР-де, БССР-де және Қазақ ССР-інде МТС үйлерінің комплексті құрылысын ұйымдастыратын болсын.

Аталған тәжірибе-үлгі құрылыстарда жұмыс барлық министрліктер мен ведомстволардың инженер-техник қызметкерлеріне көрсетілетін болсын.

ССРО Мәдениет министрлігі 1955 жылы құрастырмалы темірбетон конструкциялары мен бөлшектерді кеңінен қолданып өнеркәсіп ауылшаруашылық және тұрғын үй құрылысын индустриялық әдіспен жүргізу туралы бұқараға арналған толық метражды көпшілікке арналған техникалық кинофильм жасайтын болсын.

21. ССРО Министрлер Советінің құрылыс және жол машиналарын жасау министрлігіне, Құрылыс және жол машиналарын жасау министрлігіне, Металлургия және химия өнеркәсіп кәсіпорындары құрылыс министрлігіне және ССРО Құрылыс министрлігіне құрастырмалы темірбетон конструкциялары мен бөлшектерін өндіру жөніндегі кәсіпорындардың типтік жобаларын жасау, ССРО Министрлер Советінің құрылыс істері жөніндегі Мемлекеттік комитетінің бекітудіне табыс ету міндеттелсін.

тар тапсырылатын болсын;

в) екі айлық мерзімде терезелердің темірбетон қораптарының, ауылшаруашылық үйлерінің төбесін жабуға арналған арматуралы темірбетон қабықтардың, құрастырмалы темірбетон қоршаулар мен дуалдардың конструкциялары жасалын, дайыдалын және байқаудан өткізіліп, ССРО Министрлер Советінің құрылыс істері жөніндегі Мемлекеттік комитетімен бірлесіп бұл конструкциялармен бөлшектерді өндіруді ұйымдастыру туралы ССРО Министрлер Советіне ұсыныстар енгізілетін болсын.

24. ССРО Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігіне, Металлургия және химия өнеркәсіп кәсіпорындары құрылыс министрлігіне, ССРО Құрылыс министрлігіне, ССРО Мұнай өнеркәсіп министрлігіне, ССРО Көмір өнеркәсіп министрлігіне екі айлық мерзімде министрлікке бағынатын, құрастырмалы темірбетон өндіретін өндірістік және көмекші кәсіпорындардың қуатын пайдалануды олардың мамандандырылуын ескере отырып жақсарту туралы ұсыныстарды әзірлеп, ССРО Министрлер Советіне тапсыру міндеттелсін.

25. ССРО Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігіне анағұрлым тиімді темірбетон конструкциялар мен бөлшектерді, сол сыяқты, құрастырмалы темірбетонды дайындауға қажетті тетіктерді, құралдар мен қалыптарды жасау үшін темірбетонның Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу институтының жанынан 1954 жылы конструкторлар бюросын ұйымдастыруға право берілеін. Аталған конструкторлық бюросы ұйымдастыру инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілердің міндеттік бойынша тұтас алғанда 1954 жылға белгіленген саны мен жалақысының қоры шеңберінде жүзеге асырылсын.

26. ССРО Көмір өнеркәсіп министрлігі не бір айлық мерзімде шахталарға арналған құрастырмалы темірбетон тіреулерді өндіруді өркентегі және кеңінен қолдану туралы ұсыныстарды дайындап, ССРО Министрлер Советіне тапсыруға міндеттелсін.

27. ССРО Министрлер Советінің құрылыс істері жөніндегі Мемлекеттік комитетіне осы қаулының орындалуын үздіксіз бақылау және оның орындауы туралы ССРО Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советіне мәлімдел отыру міндеттелсін.

ту бөлмешесінің бастығы.

27. Жингель Мария Алексеевна — Петропавл станциясының жол кезекшісі.

28. Жуң Михаил Степанович — Булаево станциясының стрелочнигі.

29. Зинченко Виталий Анатольевич — Петропавл участогі поезд-вагон мастери.

30. Иванова Татьяна Федоровна — Петропавл станциясының стрелочнигі.

31. Игнатенко Андрей Аписимович — Петропавл жол дистанциясының жол байқаушысы.

32. Кадубинский Иван Селиверстович Петропавл паровоз депосының машинисі.

33. Казанцева Софья Васильевна — Петропавл станциясының стрелочнигі.

34. Казачок Григорий Николаевич — Петропавл паровоз депосының машинисі.

35. Мананова Наталья Тимофеевна — Петропавл станциясының стрелочнигі.

36. Мисилева Анастасия Спиридоновна — Петропавл станциясының стрелочнигі.

37. Клишин Петр Ефимович — Петропавл участогі поезд-вагон мастери.

38. Комов Курирян Гордеевич — Макушино паровоз депосының машинисі.

39. Кочешков Александр Семенович — Петропавл паровоз депосының машинисі.

40. Кубаткин Петр Демьянович — Петропавл жол дистанциясының жол байқаушысы.

41. Кунсин Николай Дмитриевич — Петропавл вагон депосы бастығының орынбасары.

42. Кулакова Таисия Александровна — Петропавл станциясының стрелочнигі.

43. Левченко Иван Антонович — Петропавл жол дистанциясының жол мастери.

44. Лисица Иван Андреевич — Петропавл паровоз депосының машинисі.

45. Локонов Николай Константинович Петропавл паровоз депосының машинисі.

46. Мазуров Павел Ильич — Петропавл паровоз депосының машинисі.

47. Макаренко Иван Сидорович — Петропавл паровоз депосының машинисі.

48. Манев Василий Семенович — Горбуново станциясының стрелочнигі.

49. Маковецкий Николай Трофимович Петропавл паровоз депосының машинисі.

50. Марков Виктор Иванович — Петропавл вагон депосының аға байқаушысы.

51. Марков Курирян Степанович — Петропавл жол дистанциясының жол байқаушысы.

52. Мархолок Владимир Иванович — Петропавл паровоз депосының машинисі.

53. Мельников Василий Дмитриевич — Горбуново станциясының стрелочнигі.

54. Мисифуллин Мұхаттай — Петропавл жол дистанциясының жол байқаушысы.

55. Михайлов Александр Александрович — Петропавл участогі поезд-вагон мастери.

56. Мойсеев Павел Петрович — Петропавл вагон депосының аға байқаушысы.

57. Невнянцев Василий Емельянович Петропавл станциясының стрелочнигі.

58. Обухов Виктор Васильевич — Петропавл паровоз депосының бригадирі.

59. Осинцев Федор Игнатьевич — Петропавл хабар беру және байланыс дистанциясының электр механигі.

60. Осинцев Федор Игнатьевич — Петропавл хабар беру және байланыс дистанциясының электр механигі.

61. Осинцев Федор Игнатьевич — Петропавл хабар беру және байланыс дистанциясының электр механигі.

62. Осинцев Федор Игнатьевич — Петропавл хабар беру және байланыс дистанциясының электр механигі.

63. Осинцев Федор Игнатьевич — Петропавл хабар беру және байланыс дистанциясының электр механигі.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің тәжірибесі өндірісте қолданылсын

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне апаратын аксепнаттар мен әкекурсияшылардың алғашқы үлкен бір тобы Москвадан қайтып келді. Көрмеге қатысушылар алған әсерлерін айтып беруде, өздерінің ауыл шаруашылығының озат тәжірибесі туралы жазып алғандарын тәртіпке келтіріп, бұл тәжірибені қорытуда.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне Іле МТС-нен қатысқан трактор бригадасының бригадирі Социалистік Еңбек Ері П. И. Агафонов Алматы облысының Іле ауданындағы «Красный путилевец» колхозы активтерінің жыйналысында толық есеп берді. Оның әңгімесін жыйналғандар зор ынта қойып тыңдады.

Агафонов дөңді және техникалық ларқылар өсіру жөнінде туысқан республикаларда қолданылатын прогрестік тәсілдерге тоқталды, трактор бригадаларының жұмысын ұйымдастыруды жаңалық туралы айтты. Қызу әңгіме басталды. Жыйналысқа қатысушылар колхоз өндірісіне Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысушылардың тәжірибесін енгізудің мүмкіншіліктерін талқылады.

«Красный путилевец» колхозы бітік өскен дөңді егістік гектарынан 18—22 центнерден астық алуда. Мұнда егін жыйнау жұмыстары аяқталуда жақын. Агафоновтың бригадасы егін жыйналған жерде қалған сабанды жый-

науға тракторға тіркелген темір арқанды сүйретпелерді қолданады. Бірақ, олар комбайнмен агрегат егілін пайдаланылмайды. Сондықтан егін ору мен сабан жыйнаудың арасында аспақтың болуына жол берілді, еңбекті және жанармайды артық жұмсауды тура келеді, зябь жырту мерзімі ұзаққа созылады. Агафонов жолдас бұл жұмыста Ермендәр өлкесінің Медведовская МТС-нің тәжірибесін қолдануды ұсынды. Ол бұл тәжірибені өзі көрмеде болған кезінде жақсы үйреніп келген болатын. Барлық комбайндарды сыртында сүйретпелермен жабдықтап олар комбайнмен бір агрегат болып жұмыс істейді. (ҚазТАГ).

Жемшөп өндіретін бригаданың инициативасы

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Шығыс Қазақстанның МТС-тері мен колхоздары қоғамдық малға арнап жеткілікті мөлшерде жемшөп қорын жасау үшін ойлағандай күресуде. Аврора МТС-нің жемшөп өндіретін трактор бригадасының бригадирі Триханов жолдас бағалы инициатива бастады. Ол пішен тасымалы тракторға тіркелетін ыңғайлы арбаның конструкциясын жасады. Осындай екі арбаның көмегімен Верхуба ауданының Жданов атындағы колхозының фермаларына қысқа мерзімнің ішінде 2 мың центнердей пішен тасылды. Кәзір мұндай арбалар станцияның жемшөп өндіретін барлық бригадаларына арналып жасалын жатыр. Облыс механикаторлары биік таулы жерлерде өздігінен жүретін шөп машина-

ларын тұңғыш рет қолданып отыр. Бұл тәжірибе өзін ақтады. Зайсан МТС-інің машинисі Тараненко жолдас машинаны шебер пайдаланып, таулық жерде кәзірдің өзінде 1.600 гектардан аса шөп жыйнады. Кабинская ММПС-інің механикаторлары Филенков пен Гордеев жолдасар таулы жерлерде шөп шабууда нормасы күн сайын асыра орындап жүр.

Жергілікті селолық рационализаторлардың конструкциясын бойынша жасалған аударғыш мая үйгіштердің шөп маялау кезінде қолданылуы Зырян ауданының ауылшаруашылық артельдеріне зор көмек болып отыр. «День Парижской коммуны» колхозында бір атпен жұмыс істейтін тұсқалы мая үйгіш бар. Оны төрт колхозшы басқарады.

(Соңы газетіміздің желесі номерінде)

Техника қуатын толық пайдалану—егінді қысқа мерзімде, ысрапсыз жыйнаудың кепілі

Дәрменсіз басшылық, өнімсіз нәтиже

Еңбекшілер депутаттары Приешім аудандық Совет атқару комитетінің үйі бүгін абыр-сабыр кісіден бір босаған жоқ. Ал, аудандық Совет атқару комитетінің кабинетіне кіріп шыққандардың кездескен адамға амандасуға да мұрыналары келмей, аттарына мініп, асығыс ауыстарына аттанып жатыр. Әресе, председателдің қабылдау бөлмесінде отырған екі адамның өзара сөйлескен сөздері бұл ауырқашылықтың сырын түсіндіргендей.

—Көне күнделік мәліметті кешіктіріп беріп едім. Бүгін ауатком председателі арнап шақырыпты,—дейді оның бірі.

—Олай болса бір айғайды естідім дей бер,—дейді екіншісі.—Өйткені біздің бас-тық мәліметті кешіктіргендерге рахымшылық жасамайды...

Енді аздан соң ауатком председателі отырған кабинеттен хатшы қызды шақырған қоңырау дауысы естілді. Манадан бері күнделік мәліметті кешіктіріп берген колхоз председателдері мен селолық Советтің басшыларын қабылдаған ол хатшыға 11 пункттен құралған телефонограмманы барлық колхоздар мен селолық Советтердің басшыларына жіберуге нұсқау берді.

—Күнделік мәліметті дерізеінде жеткізбеген колхоз басшылары ол үшін тікелей жауап беретіндіктен атап өскерт,—деді ол, хатшыға.

—Мәлімет—айна. Ол қолда тұрғанда аудандағы барлық жағдай қоз алында тұрғандай,—міне, Приешім аудандық Совет атқару комитетінің председателі Сәрсенбаевтың басқару стилі. Бұл жарамсыз әдіс ауылшаруашылық жұмыстарының ең жауапты кезеңі—егін ору мен мемлекетке астық тапсыруды дерізеінде және ойдағыдай өткізуге өзінің кәрі әсерін тигізін отыр. Оған мысал ретінде егін ору мен мемлекетке астық тапсырудың кәсіргі жағдайын алуға болады.

Аудан бйылығы жылы амындаған гектар жердің егінін шауып, мемлекетке миллион пұтқа жуық астық тапсыруға тиісті. Бұл сыяқты зор көлемді жұмыс зор дайындықты қажет ететін еді. Бірақ, аудан басшыларының егін оруға дайындық жұмысына басшылық жасауға нәжкүрайды қарауы салдарынан аудан колхоздары бұл жұмысқа мүлде әзірліксіз кірісті. Астық қоймалары мен жабық қырмандарын әзірлеу ісін мүлде қанағаттанғысыз жүргізілгендіктен айтағанның өзінде, ең ақырғы астық тазалайтын машиналарды дайындаудың өзі естен шығарылған жұмыс болды. Мәселен, Каганович атындағы, Калинин атындағы, «Большевик» колхоздарында қолда бар астық тазалайтын машиналардың бірде-бірі егін ору басталғанға дейін дайын болмады. Ал, комбайн паркін толық әзірлеу ісі мүлде қанағаттанғысыз дәрежеде жүргізілді. Әресе, Ленин атындағы МТС-те (директоры Супрунов колхоз) комбайн жөндеу ісі егін орудың кі-

сі» болатындығы айтпаса да түсінікті.

Егін орағына бұл сыяқты нашар дайындықпен кірісудің салдарынан кәзір бұл ауданда егін ору мен мемлекетке астық тапсыру ісі мүлде төзгісіз қарқынмен жүргізіліп отыр. Мәселен, мемлекетке астық тапсырудың бескүндіктегі тапсырмасы жартылай да орындалған жоқ. Ал, «Талапкер», «Бостандық», «Большевик» сыяқты колхоздар бескүндікте небары 30—40 центнерден астық тапсырумен тынды.

Мемлекетке астық тапсыру және егін ору жұмысының бұлайша төмен қарқынмен жүргізілуінің сыры неде? Еңалдымен, аудан басшылары, әресе, аудандық Совет атқару комитеті егін орағына нақтылы басшылық жасай алмай отыр. Бұған мысал ретінде «Талапкер» колхозындағы жағдайды алуға болады. Бұл колхоздың қырмандарында кәзір жүздеген центнер астық тазартылмай жатыр. Ал, қолда бар астық тазалайтын машиналар жөнделмеген.

Бұл жағдай аудандық Совет атқару комитетіне әбден мәлім. Бірақ, Сәрсенбаев жолдас облыс орталығынан астық тазалайтын машина жетпей деген болжалды себеппен бұл сыяқты төзгісіз фактінің орын алуына тәзіп отыр.

Шындығында, аудандық Совет атқару комитеті егін орағы кезіндегі барлық басшылық жұмыстары мәлімет жыйнауға шақталған. Таңертеңнен кешке дейін телефон арқылы әр колхоздан мәлімет құрап отырған ауатком қызметкерлерін көптеп кездестіруге болады.

Шаруашылық жұмыстарға жанды басшылық жасау, еңалдымен, сол басшыдан жұмыс жағдайының еркей-тегжейін білуді талап етеді. Амал не, ауатком председателі Сәрсенбаев жолдас, аудандық Советтің басқа қызметкерлері сыяқты қарағарқылы басшылық жасауды әдетке айналдырған. Мәселен, ол кәзір әрбір колхозда егін ору мен астық тапсыру жұмыстарының барысын жалпы мөлшерде айттып бере алады. Ал, бұл колхозда орын алып отырған кемшіліктердің болу себептерін, оны жоюдың колхозда қандай мүмкіншіліктердің барлығын, әрбір колхоздағы пайдаланылмай жатқан мүмкіншіліктер туралы ешнәрсе де айта алмайды. Мұның өзі Сәрсенбаев жолдасстың әлі де болса колхоз өміріне еркін араласпай, мәселені жете біліп басшылық жасауға мән бермей отырғандығын көрсетеді.

Айта кету керек, аудан басшыларының көпшілігі колхоздарда жиі болып тұрады. Бірақ, олар колхоз шаруашылығының жан-жақты саласына жете көңіл аударып, оны зейін қоя зерттеп білмейді. Мәселен, Сәрсенбаев жолдас өткен жұма күні ауданның Буденный, Каганович атындағы колхоздарын аралап өтті. Бригадаларда болып, істеліп жатқан істердің куәсі болған ол колхоз конторы-



Образцовая МТС-не Ульянов облысынан келген комбайншы Е. Харушин Ленин ауданының «Новый путь» колхозында «Сталинец—6» комбайнымен күн сайын 30 гектар жердің егінін орады. СУРЕТТЕ: комбайншы Е. Харушин мен оның көмекшісі А. Макарова. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Уақытты тиімді пайдаланудамыз

Петропавл МТС-нің комбайншысы Тілембай Байбосынов жолдаспен өңгіме

Біз, Петропавл МТС-нің механизаторлары, ставропольдіктердің патриоттық басламасына қосыла отырып, егінді қысқа мерзімде ысрапсыз жыйнап алу мақсатымен өзімізге көтерілген міндеттемелер алған болатымыз.

Біз егін жыйнауға жүрген «Луч Ленина» колхозының егіні быыл жылдан бастап қайта бітік шыққан. Мұндай

тындығын анықталды. Егер комбайншы аңызбен жете таныс болмаса, онда ол қандай шебер болғанымен комбайнды өнімді пайдалана алмайды.

Астық жыйнауға комбайн бункерінен дән түсіруге кететін уақытты үнемдеудің үлкен маңызы бар. Әрбір гектарынан 15 центнер өнім беретін егінді жыйнағанда екі километр жүріп өткен сайын өнім

Артельдер жұмысы өскелең тіленке сай болсын

Халық тұтынатын көпшілік қолды товарларын мол шығару жөнінде облысымыздың көпшілік кооперациялары мен артельдері үстеміздегі жылы өз жұмыстарында елеулі табыстарға жетті. 1954 жылдың жеті айы ішінде «Облпромсовет» кәсіпорындары өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда жалпы өнім шығару жоспарын 101,9 процент етін орындап, өнім мөлшерін 18,2 процент арттырды.

Алайда, жергілікті кәсіпорындарының жалпы өнім шығару мөлшерінің артуына қарамастан, көптеген артельдер күні бүгінге дейін жұмысты қайта құрып, жаңа әдістермен істеудің орнына, ескі, өнімді аз беретін әдістерді қолданып келеді. Облыс көлеміндегі 26 артельдің 7-сі жеті-айлық жалпы өнім шығару жоспарын голық орындамады. Бұл артельдердің коллектив жыл басында өндіріс жоспарын асырып орындауға міндеттенген еді. Бірақ, қабылданған міндеттеме орындамай келеді. Бес артель халық тұтынатын көпшілік қолды товарларын мол шығарудың орнына, өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда, әлде қайда кем шығарып отыр. Мысалы Ленин ауданындағы «Светлый луч» артели жеті ай ішінде өткен жылдарыдан 32 мың сомның өнімін аз шығарды.

Әресе, шығарылатын өнімнің есебі мен ассортименттерінің жоспары нашар орындалып отыр. Көптеген артельдің басшылары, еңбек аз жұмсалатын және оңай істелетін товарларды көп шығару есебінен, керекті заттардың орнын жауып келеді. Ал, халық шаруашылық жұмысына өте қажетті товарларды шығармай отыр. Бұл төзгісіз жағдайға «Облпромсовет» басшылары емін-еркін жол беруде. Осының нәтижесінде жалпы өндіріс кооперациялары мен артельдер бойынша негізгі 21 түрлі тұтыну заттарының 14 түрі ғана орындалды.

Жоспардың орындалмай отыруына басты себеп, артель председателдері және техниктері болмашы дәлелдер келтіріп, ішкі резерв мүмкіншіліктерін толық пайдаланбай, өндіріс экономикасын есепсегей жергілікті шикізаттарды оңиды жұмсамағандықтан болып отыр. Өндіріс кооперациялары мен артельдерде жергілікті шикізаттардың 10,9 проценті ғана жұмсалған. Кейбір артель председателдері шығарылатын жалпы өнімнің орта мөлшерімен қанағаттанып, жергілікті шикізаттардың неғұрлым көп жұмсалыуына мән бермей, мемлекеттен фонд алуды жақсы көреді. Бұл жағдай халыққа аса қажетті товарлардың көптеп шығарылуына бөгет жасап отыр.

Облыстық өндіріс кооперацияларында: кірпіш, ақ, крахмал, бояу сыяқты көптеген құрылыс материалдары керекті мөлшерде шығарылмай жүр. Ленин ауданының «Светлый луч», Соколов ауданының «Защитник Сталинграда» артельдері қатарынан екі жыл бойына сменасына 8 мың дана кірпіш шығаратын престі қолданбай келеді. Ал, кірпішті қолмен жасау жұмысы аудан жұртшылығының өскелең

Құрылыс материалдарын әзірлеуде, әресе, кірпіш дайындау артельдеріндегі жұмыстың оңдылығына «Облпромсовет» председателі Трушкин жолдас пен бас инженері Кравчук жолдасар нәжкүрайды қарайды. Осы күнге дейін кірпіш өндіретін он артельдің төртеуі кірпіш жасайтын машиналармен жабықталмағандықтан барлық жұмысты қолмен істейді.

1954 жылдың бірінші жартыжылдығында облыс бойынша бірде-бір жаңа бұйым шығарылмай, тұтынушылардың тілегін қанағаттандыра алмай отыр. Мысалы, «Деревообделочник» артели (председателі Шербановский жолдас) бірінші жартыжылдықта небары 60 дана стол, 9 кітап салатын шкаф, бір этажерка, бір тумбочка жасап шығарды. Артель басшылары жаңа мебельдерді көптеп шығару үшін «ағаш материалдары жоқ» дегенді сылтау етіп, өздерінің жалқаулығын бүркемелегісі келеді. Шын мәнісінде олай емес. Жыл басында «Казпромсовет» басқармасы осы артель үшін Қарағанды шахта құрылысынан 700 текшеметр ағаш материалдарын алуға рұқсат жазып берген болатын. Бұл материалды алып келуге «Облпромсовет» басқармасының бірнеше рет ескертуіне қарамастан артель председателі Шербановский жолдас әлі күнге кіріскен жоқ.

Артельдерде еңбек тәртібі өте нашар. Жұмыс үстінде жұмысшылардың мас болуы, жұмысқа уақытымен шықпай қалуы жиі кездеседі. Осындай себептермен «Молот» артели 2 мың кроватьның 812-ін, 2500 левеннің 1647-ін шығарған жоқ. Артель председателі Уваров жолдас коллектив арасында ешқандай көпшілік тәрбие жұмысын жүргізбейді. Жұмысшылар ішінде еңбек ұйымдастыру тәртібін ұйғайтпаған. Осы сыяқты, Ленин ауданындағы «Светлый луч» артели кірпіш шығаруда, тігін артели жылы киімдер тігуде өте артта қалып отыр.

Сонымен бірге, артельдерде ескі киімдерді тігу, жамау жұмыстары да өте нашар жүргізілуде. Артельдердің көпшілігі аяқкиімді жамау, ескі киімдерді тігу, мебель сыяқты заттарды жөндеу жұмысын 62,3 процент ғана орындап отыр. Совхоздардан, колхоздардан столдарға, мебельдерге, кроватьтарға алынатын заказдар өте кешіктіріледі, немесе тіпті орындалмайды да.

Үстеміздегі жылы өндіріс кооперацияларына, артельдерге аса үлкен міндет жүктеліп отыр. Олар тың және тыңайған жерлерді игеріп жатқан ауылшаруашылық еңбекшілеріне арнап жылдардан бірнеше есе көп бұйымдар өндіруге міндетті.

Мәдени тұрмыс шаруашылығына қажетті заказдар, тұтынушылар тілегін мүлтіксіз орындау үшін артель басшылары мен «Облпромсоветтің» бастығы Трушкин және бас инженер Кравчук жолдас-тар жұмысты тез арада жолға қою тиіс. Басшылық әдістерін мүлде өзгертіп, артель және өндіріс кооперациясының жұмысын жақсартып, оларға тиісті шаралар қолданып, тұтынушылардың өскелең тілегін толық қанағаттандыра алуға

комбайндардың сапасы нашар болғандықтан олар егін орудың алғашқы күндері ақ аңызды бір рет оралып келуге жарамай, тоқтап қалды.

Рес, егін орағына дайындық жұмыстарының барысы туралы аудандық Советтің мәжілістерінде аз сөз болған жоқ. Талай қызу пікірлер мен ұсыныстар айтылып, құлаш-құлаш қаулылар қабылданды да. Бірақ, бұл қағаз жүзінде қалған құрғақ қаулы егін орағына дайындық жұмысын жақсартуға ешқандай игі әсерін тигізе алған жоқ. Ал, белгіленген шаралар «колхоз председателине көрсетілген мерзімде ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жұмысын аяқтауды қамтамасыз ету жүктелсін» деген түрде болды. Бұл сыяқты «нақтылы шаралардың» қандай «пайда-

да» екенін бір жаяқ қалдырмастан ысырансыз жыйнау үшін отандық машинаның бар қуатын сарқа пайдаланудамыз.

Егін жыйнауға кіріскеннен бері 12 күн өтті. Осы уақытта біз екі мың гектардан аса жердің астығын жыйнадық. Бұл орта есеппен бригадалағы әр комбайншыға күніне 20 гектардан келеді. Мен өзім он жұмыс күні ішінде 250 гектар жердің егінін жыйнадым.

Бізге агрегаттар жұмысты топ-тобымен істейді. Бұл—агрегаттарға жамармай мен суды уақытылы жеткізуге, техникалық күтімді жақсарту тәсіліне жағдай жасайды. Сондықтан комбайнды топ-тобымен пайдалану ісі барлық бригадаларда батыл қолданылғаны жөн.

А. ПАНИЧЕВ.

Аудан колхоздарының егін даласында көзір мыңдаған гектар егін пісіп тұр. Ал, егін орудың көзіргі қарқыны бұл бітік өнімді деркезінде жыйнап алуды, сөйтіп, мемлекетке астық тапсыру жоюпарын деркезінде орындауды қамтамасыз етуге мүмкіншілік беретін дәрежеде емес. Сондықтан аудандық Совет атқоми жергілікті партия ұйымдарының көмегімен егін ору және мемлекетке астық тапсыру жұмыстарына жанды және нақты басшылық жасауға жетісулері керек.

Т. КӘКІМОВ,
БОГОЛЮБОВО. (Арнаулы тілшіміз).

жарты сағат өткен сайын, дәлді комбайннан қотарып отыруға тиіс. Демек, комбайннан дән түсіруге уақыттың 25 проценті кетеді. Бұған жол бермеу үшін дәлді комбайннан жұрп бара жатқанда қотару ісін ұйымдастыру керек. Біз осылай жүргізудеміз де.

Егін жыйнауға көптеген комбайншылар тамақтануға кететін уақытқа мән бермейді. Біз тамақтану уақытында да комбайнды тоқтаусыз жүргізуді ойластырдық.

Бізге агрегаттар жұмысты топ-тобымен істейді. Бұл—агрегаттарға жамармай мен суды уақытылы жеткізуге, техникалық күтімді жақсарту тәсіліне жағдай жасайды. Сондықтан комбайнды топ-тобымен пайдалану ісі барлық бригадаларда батыл қолданылғаны жөн.

А. ПАНИЧЕВ.

гальдердің председателдері Чернышев, Гнусин жолдастар коллективтің жұмысын қалай болса солай, өз бетімен жіберген.

В. БОНДАРЕВ.
ҚКП облыстық комитеті өнеркәсіп-транспорт бөлімінің нұсқаушысы.

„Ленин туының“ дабылдан кейін

„Сауда жүйесіндегі бұрмалаушылық дереу жойылсын“

«Ленин туы» газетінің осы жылғы 4 июльдегі номерінде «Сауда жүйесіндегі бұрмалаушылық дереу жойылсын» деген тақырыпта мақала жарияланды. Онда Октябрь ауданындағы жаладан ұйымдастырылған Дюкучаев атындағы астық совхозындағы жұмысшылар кооперациясының жұмысындағы кемшіліктер, оның председатели И. Побус жолдастық совет саудасы принциптерін өрескел бұрмалағандығы сынға алынған болатын.

Газет сыны бойынша тексеріс жүргізілгенде мақалада көрсетілген фактілер толық анықталды. Тексерістің қорытындысы Октябрь аудандық тұтынушылар одағының басқарма мәжілісінде талқыланып, совет саудасын бұрмалаушы И. Побус жолдас орнынан алынды. Совхозда сауда жұмысын жақсарту жөнінде тиісті шаралар белгіленді.

ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ІІІ СЪЕЗІ ҚАРСАҢЫНДА

Жағымды герой жайында

★
Сафуан ШАЙМЕРДЕНОВ.
★

Жаңа заман өзінің тұма әдебиетінің алдына «айырықша материалдан пішілген» на адамдарды көрсетуді басты шарт, талап етіп қойды. Марксистік эстетиканың бұл принципін кеменгер көсемдеріміз Ленин мен Сталин анықтан берген болатын. В. И. Ленин сонау 1905-жылдардың өзінде-ақ «Партия ұйымы және партия әдебиеті» деген еңбегінде әдебиеттің партиялық болу идеясын көтерді.

Принципимен етілі де жаңа, әдісі де өзгеше үлкен әдебиетте үлкен өмірдің кесек-кесек, жарқын бояулы тартымды картиналарын көрсетуге тиісті. Социалистік әдебиет заманымыздың озық адамдарының күрделі, жан-жақты образдарын, бір сөзбен айтқанда, сол заманның өз образын жасауға тиісті.

Бұл күнде әдебиетіміздің көлемін де, тереңін де таңдату күш социалистік эстетиканың осы бір принципіне ғана жатыр.

«Бұл — заман талабына сай, оқушы талғауына лайық шығарма екен» дегенде, біз ең алдымен сол шығармада «айырықша материалдан пішілген», жаңа сападағы адамдардың ой-арманы, мінез-құлқы, іс-әрекеті, төнірегі қай дәрежеде, қалай суреттелді, — соған үңілеміз. Сол шығармадағы басты герой бүгінгі күннің өкілі есебінде, заман тулғасы есебінде үлкен-үлкен істердің қамтуындай болып көріне алды ма, жоқ па? Міне, осыған зер саламыз.

Марксистік эстетиканың бұл принципі ең алғаш ұлы жазушы Мәксим Горький творчествосында жүзеге асырылғаны айқын. 1905 жылдардың тулғасы тұтасымен көрінген «Ана» романындағы Павел Власов пен оның анасы Нилевна-лар әдебиетіміздегі жаңағы марксистік лениндік эстетика принципін материалды түрде көзге көрінген рухы еді.

«Ана» романы социалистік реализм әдісінің басы, бүкіл совет әдебиетінің басы болды.

«Ана» романын сол кездегі реакцияшыл әдебиетшілердің жоққа шығармақ болғаны да, ал, Г. Плехановтың, әсіресе,

көсеміміз Лениннің өте жоғары бағалағаны да осыдан еді. Ескі дүниенің тар құрсағында кесек жаралған маркстік, озғын революцияшы идеяның туын көтеріп шыққан Павел Власов, Нилевна секілді көркем жасалған образдар кейінгі жазушыларға өнеге болды.

Асылында мұндай көркем образдардың да өз тағдыры, өзінен кейінге қалдырып кеткен өсу жолы болатын секілді.

«Ана» романы революцияның уақытша жеңілісімен аяқталады. Бірақ, Павел Власов пен оның шешесі Нилевна көтерген Қызыл ту еңкейген жоқ. Павел да, Нилевна да сол туды көтеріп, совет заманында туған шығармалар арқылы Октябрь революциясына қатысты. Азамат соғысының да белсенді күрескерлері болды. Олар елімізді индустрияландыру дәуірінде завод-фабрикалар салысты, коллективтендіру кезінде шаруаларды артелекке ұйымдастырды. Павел мен Нилевна Ұлы Отан соғысына да, соғыстан кейінгі халық шаруашылығы қалпына келтіру науқанына да қызу араласып келеді.

Шынында да, К. Фединнің азамат соғысы тақырыбына жазылған «Айрықша өткен жаз» романындағы Извеков, А. Фадеевтың «Тас талқанындағы» — Левинсон, Н. Островскийдің «Құрыш қалай шынықтысындағы» Павел Корчагин, М. Шолоховтың елгізді коллективтендіру дәуірі тақырыбына жазған «Көтерілген тыңындағы» Давыдов, М. Бубенновтың Ұлы Отан соғысы тақырыбынан алып жазған «Ақ қайың» романындағы Лопухов, соғыстан кейінгі өмір тақырыбына жазылған Николаеваның «Егін орағы» романындағы Борников, С. Бабаевскийдің «Алтын жұлдызды жігітіндегі» С. Тугаринов, міне, бұлардың бәрі де ұлы Горький лабораториясынан жасалып шыққан большевик П. Власов пен Нилевнаның әр кезеңдегі, әр дәуірдегі жаңарған, өзгере түскен түрі еді.

Ойы да, ісі де күрделі заманның кесек образын тек қалыптасқан проза, драматургия жанрлары бар әдебиет қана жасай алатынын бұл күнде өмір шындығының өзі-ақ дәлелдеп беріп отыр. Ал, біздің қазақ совет әдебиетінде проза жанры отызыншы жылдардың басында ғана, драматургия одан да берірек қалыптасқан еді.

Жыйырмашыңшы жылдардағы поэзиямыз өз шама-шарқына жаңа заманның жырышымы болып, өзінің үгітшілік, насихатшылық қызметін тым тәуір атқарғанымен, сол өз заманындағы «айырықша материалдан пішілген» жаңа сападағы совет адамның жарқын, жаңа образын жасай алған жоқ-ты.

1917 жылдар мен 1930 жылдар арасында қазақ даласын ұлы-ұлы өзгерістер, ұлы-ұлы оқиғалар, шытырман тартыстар алып жатыр. Сол шытырман күрестерде күресе жүріп өскен, өз заманының туын — күрес туын көтерген күрделі істі, күрделі мінезді адамдары бар еді. Бірақ, олар әдебиетімізден өзіне тиісті орын ала алған жоқ. Ілгерілі-кейінгі жазылған шығармаларымыздың біразы революциядан бұрынғы қазақ елінің өмірін, азамат соғысын көрсетуден тынса, енді біразының оқиғалары коллективтендіру дәуірінен бірден басталады.

Дегенмен, ол жылдардағы көркем шығармаларымыз келешекте өсер әдебиетімізге, ауыр артиллериясы — прозасы болар әдебиетімізге негіз жасаған болатын.

Мәксим Горькийдің қазақ совет әдебиетіне тигізген әсерінің алғашқы нәтижесі де осы бір жылдарда байқала бастаған еді.

Горький ізі сол 1927-28 жылдарда әдебиет майданына келіп қосылған, көзіргі көрнекті жазушыларымыздың бірі Ғабит Мүсереповтың алғашқы творчествосынан көріне бастады. Оның бірді-екілі шағын повесть, әңгімелерінде қасырлар бойы өлеу мен мешеуліктің, нағандық пен қараңғылықтың лас ұясындай болып келген қазақ ауылында енді-еңді туа бастаған өзгеріс, сана оянушылығы, сол

заман толқынына түсіп, оянып келе жатқан, ілгеріге, білмекке ұмтылып келе жатқан елдің эпизодтары картиналар арқылы, екі таптық ниетке ажырамақ нақтылы адамдардың күрес-тартыстары арқылы біреыдырғы көріне бастаған еді.

Отызыншы жылдарда әдебиетші, жазушыларымыз екі саладағы тақырыпқа, атап айтқанда, революциядан бұрынғы қазақ ауылы, 1916 жыл оқиғалары, азамат соғысы және сол күннің өз өмірі тақырыбына молырақ үңілді. Революциядан бұрынғы қазақ ауылының тұрмыс-салты, 1916 жылғы жетерлік, азамат соғысы барлық жанрларда да қамтылып жазыла бастады.

М. Әуезовтың «Түнгі сарыны», Ә. Әбішевтің «Армансыздары» осы 1916 жылдың оқиғасына жазылған алғашқы көлемді шығармалар болатын.

1936 жылы астана еңбекшілерінің сахнамызда «Аманкелдіні» көруі әребиетімізде драматургия жанрының қалыптасу бастағанын танытып еді, оның үстіне бұл пьеса жас драматург Ғ. Мүсереповтың 1916 жыл мен азамат соғысының ардақты геройы, большевик Аманкелді образын жасаудағы алғашқы игі байқауы болатын.

Ал, жаңа заманға, сол күннің өзіне поэзиямыз ғана көбірек көңіл бөлгенге ұқсайды. Проза жанрында партияның сара басшылығы, әділ саясатымен жүргізілген коллективтендіру дәуірін кең қамтып көрсететін «Көтерілген тың» сыяқты кесек шығармалар туған жоқ-ты.

Осы отызыншы жылдардағы іздену мен үйренудің түйіні болған, әрі қазақ совет әдебиетін бір сағыға көтерген кесек шығарма Сәбит Мұқановтың «Жұмбақ жалау» романы. Бұл роман біріншіден қазақ совет әдебиетінің 15-20 жылдық жолын қорытындыласа, екінші жағынан көлемді прозалық шығармалардың тууына кең жол ашты.

«Жұмбақ жалау» романындағы басты геройлар — Асқар, Амантай, Ботакөз қазақ жағдайында туған шын мәніндегі жаңа сападағы адамдар — большевиктер еді.

Ботакөз қазақ ауылында туса да, орыс мектебінде оқу арқылы Россияның озық ой-пікірлерімен танып, орыс мәдениетін бойына сіңіре алған саналы қыз. Ботакөз бүгінгі коммунистік құрылысқа белсене араласып жүрген жоғары білімді, қазақ-

тың интеллигент әйелдерінің басы болатын. Ол сол интеллигент әйелдердің әдебиетімізде жасалынған шынайы образдарының да басы бола алды. Бұл образдың былайғы жазушыларға үлкен ой-қозғау салғаны да осыдан болса керек. Шынында да кейінгі жылдарда туған шығармаларымыздағы әйел образдарының Ботакөзбен тамырластығы байқалатын секілді.

Асылында өзінің әлеуметтік, саяси қызметін ауылдық мектептің мұғалімдігінен бастаған Асқар қазақ санасының өзіндей бауу өзгеріп ұзақ жолды, талай ауытқуларды басынан кешірді.

Орыс большевигі Кузнецов мұның көзіндегі шешді алып тастайды. Асқар бұрынғы ауытқуларын да, көрбітелікті де қалдырып революция ісіне араласпайды. Сөйтіп, роман аяғында ол революционер-большевик дәрежесіне көтеріле алады. Асқар, тегінде, қазақ халқының XIX ғасырдағы ұлы ағартушы ақын, ғалымдары Абай, Шоқан, Ыбрайлар идеясын Октябрь революциясымен ұштастырған образ секілді.

Ғабиденнің Еркіні шахта партбюрісі болғанымен өзінің бар іс-әрекетін тап жауларың әшкерелеуге ғана жұмсап, шахта өмірінің басқа саласына көңіл аудармай кететін. Шахта өнімі де, еңбек процесінде жаңа техника қолдану мәселесі де, жұмысшылардың тұрмыс-салты да Еркінді онша көп қыпай қоймайтын.

Ал, өз уың таныта келген жас жазушы Саттар Ерұбаевтың «Менің құрдастарымындағы» Рахмет образында жан-жақтылық бары байқалады. Ол ең алдымен шахта ішінде, еңбек процесінде көрінеді. Сөйтіп, Рахмет тап жауларымен күресті көмір өнімін арттыру күресімен ұштастыра алады.

Соғыс жылдарында әдебиетіміздің бас тақырыбы — майдандағы қаһарман жауынгерлердің ерлік істері болды. «Намыс гвардиясы», «Сын сағатта», «Гвардия алға» сыяқты пьеса, либреттолар жазылды. Мүсереповтың «Қазақ солдаты» атты повесті де сол кездерде жарыққа шықты.

байқалды. Әсіресе саяси лирикалар көптеп туды.

Соғыстан кейінгі дәуір — әдебиетіміздің барлық жанрда да күрт өсу, өркендеу дәуірі болды.

Партиямыздың Орталық Комитетінің идеология мәселелері жайындағы тарихи қаулылары әдебиетте үлкен белбұрыс жасады. Жазушыларымыздан шын өмірдің көзбегін танытатын идеялы, көркем шығармалар жазуды талап етті. Бұл тарихи қаулылар ең алдымен әрбір жазушыға үлкен ой салды. Әрбір жеке жазушы жақсымыз не, жаманмыз не, нендей жетістігіміз бар, нендей кемшілігіміз бар, сол кемшіліктердің себебі қайда? — деп өзіне өзі сұрақ беріп, өзі кешіп келген творчестволық жолына, жазушылық лабораториясына үңіле бастады. Бір сөзбен айтқанда, соғыстан кейінгі жылдар екінші жағынан есен беру жылдары секілді.

Осы есен берушілік ең алдымен қаламы ұсталып, төселген жазушыларымыздың өздерінен байқалады.

Сәбит Мұқанов «Жұмбақ жалау» романын өңдеп, «Ботакөз» деген атпен қайта жазып шықты. Ғабит Мүсерепов «Қазақ батырының» материалдарын ғана пайдалана отырып «Қазақ солдаты» атты жаңа роман жазды. Бесінде жұртшылық сынына іліккен, «Шығанақ» романы да қайта өңделді.

1942 жылы басыдан шыққан «Қазақ батырында» социалистік реализм методна жатпайтын наным аз, шатырман оқиғалар бар еді. Повестің басты геройы Қайыргалидің біраз жарқын мінездері, ісі көрінгенмен ол кейде жасанды, ойдан шығарылған бір оқиғаларға қатысын кететін. Ал, «Қазақ солдаты» содан тазарған. Жазушы оқушысын оқыға шытырманмен қызықтырама дөмейді. Қайыргали өз замандастарының талайының қолынан келетін істе көрінеді. Сол себепті, бұл роман жағыз Қайыргалидің ғана емес, бүкіл совет жастарының алғы буынының көркем автобиографиясын, солардың ер жету, қалыптасуының тарихы. Романда ұлт достығы да нанымды түрде, әдемі берілген.

Мұзафар ӘЛІМБАЕВ

ЕКІ ӨЛЕН I. АЗАМАТ ОЙЫ

Тестіріп баптырымды қорғасынға,
Түскенәйі басты тігіп талай сыңға.
Білемін соғыс зіліні.

Талай күннің
Таптым мен төттісін де, ащысын да.
Қалтамда қатар жатыр документім:
Әскери билет, паспорт, парт билетім...
Мұхиттың аржағынан естіп шуды,
Әскери билетімнің ашам бетін.

Беледі көз алдыма өткен- кеткен:
Қызыл Ту Рейхстагқа біздер тіккен...
Салтанат... Қызыл Алаң... Жеңіс—
парад...

Жеңімпаздар сапында мен де өткен.
Тарбиған қара жылан секілді дәл
Свастика салынған ала тулар.
Ғабанда жатты үйіліп, өттік таптап!
Қай дұшпанға болса да сабақ — бұлар!

Колхозда бейбітшілік вахтасында
Ойнаған комбайнның тұтқасында
Екі қолым,

Күн туса жаңылмайды ол
Танктың стартерін дөп басуға.

II. ЖЫРЛАТПАЙ МЕНІ ҚОЙМАЙДЫ

Сыйы мол жылдар,
Ел асқан шыңдар,
Халықтың ерлік еңбегі,
Зерек ой өңірі,
Бөркейген әр үй,
Жарасқан достық елдегі
Жырлатпай мені қоймайды,
Жырлауға жаным тоймайды.

Алтын дән ораң,
Сөм болат жонсаң,
Сеніммен мен де біргемін
Қаһалдар қазсаң,
Қазаған жазған,
Сеніммен мен де біргемін.
Сендерге менің өнерім:
Сендерге менің өлеңім.

Жаңа мәдени-ағарту орындары


Октябрь ауданының колхоз, совхоздарында соңғы жылдары мәдениет орындарының саны көбейіп түсін отыр. Қазір ауданда 35 мәдени-ағарту орындары жұмыс істейді. Бойынғы жылдың өзінде ғана мұнда 7 сельолық кітапхана, 1 балалар кітапханасы 4 клуб жаңадан ашылды, жұмыс бітей бастады. Олардың барлығы да зеректі жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Жаңа ашылған мәдени-ағарту орындарына аудандық мәдениет үйі мен аудандық кітапхана басшылары үнемі методикалық кеңестер беріп, олардың жұмысына көмектесіп отырады.

Т. ӘУБӘКІРОВ.

Оқушылар көмегі

Қаладағы ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумының бір топ студенттері Петропавл ауданындағы Воро-



Біздің облысымызға тың жерлердегі жаңадан ұйымдастырылған совхоздарды қамту үшін жылжымалы байланыс бөлімшелері келіп жағыр.
СУРЕТТЕ: Октябрь ауданының совхоздарына жіберілген жылжымалы байланыс бөлімшесінің автомашинасы.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Жазушылар съезіне әзірлік

Қазір елімізде жазушылардың Бүкіл-одақтық екінші съезіне әзірлік жұмыстары қызу жүргізілуде.

Қадамыздың көптеген кітапханалары съезд алдындағы әзірлік жұмыстарын едәуір дәрежеде жақсы жүргізуде. Бұл ісінде № 2 техникалық кітапхана (менгерушісі С. Лившиц жолдас) коллективі бағалы жұмыстар істеді. Кітапханада «Кітап оқушылардың съезге қоңыр талаптары мен тілектері» деген көркем жасалған плакат бар. Қазір кітапханада оныан астап кітап оқушылардың пікірлері мен тілектері жыйналған. Жаңашыл жұмысшы Бөдагон жазушы И. Эренбургтің бейбітшілік тақырыптарына арналған, жаңа соғыс өртіп тұтандырушыларды әшкерелейтін шығармаларын атай келіп, мұндай маңызды тақырыптарға көлемді шығармалардың аз жазылып келе жатқандығын жазады. Механизатор Ф. Копылов өзіне жазушы Гумелевскийдің «Орыс инженерлері» деген кітабының өте ұнағандығын, жазушылардың орыстың тамаша ғалымдары мен өнерпаздарының өмірі туралы көркем шығармаларды көптеп жазуын тілек етеді. Аяққимдер фабрикасының жұмысшысы Штена, үй шаруасындағы әйел Марина жолдасар жазушылардың балалар мен ата-аналардың алдында әлі де борышты болып келе жатқандығын жазған.

№ 2 техникалық кітапхана коллективі Ажаевтың «Москвадан алыста» деген кітабы бойынша кітап оқушылар конференциясын әзірлеуде. Конференция тақырып-
№ 2 техникалық кітапхана коллективінің бұл игілікті бастамасын қаланың басқа кітапханалары да қолдауда. Солардың бірі № 11 техникалық кітапхана. Кітапхана қызметкерлері № 2 кітапхананың жұмысымен танысканнан кейін өздері де осындай жұмыстар жүргізуді қолдарына алды. Мұнда да оқушы жұртшылықтың пікірлері мен тілектерін жыйнау жүргізілуде. «Совет әдебиетін жасасушылар» деген тақырыпта көркем ұйымдастырылды. Жақында жазушы Кочетовтың «Журналидер» деген кітабына арналған кітап оқушылар конференциясы өткізілімек.

Съезге әзірлену жұмыстарының тек қана кітапханаларда жүргізіліуімен қанағат етуге болмайды. Бұл жұмысқа барлық мәдениет орындарын түгел тарту керек. Совет көркем әдебиетінің тамаша шығармаларымен жұртшылықты жете таныстыруда көркемөнер үйірмелерінің де алатын орны зор. Көптеген көркемөнер үйірмелерінің репертуарында совет ақындарының таңдаулы шығармалары бар. Алайда, клубтардың көркемөнер үйірмелерінің барлығына тән бір кемшілік бар. Олар орындаған жаңа әндер мен қойылған пьесалар туралы тыңдаушылармен бірге отырып, конференциялар өткізбейді. Егер мұндай конференциялар жиі өткізіліп отырылса, жұртшылық жеке әндер мен өлеңдер, жаңа пьесалардың идеялық, көркемдік дәрежесінің жетістіктері мен кемшіліктері туралы өздерінің пікірлерін айтқан болар еді. Бұл өте бір ескеретін

ССРО ҮКМЕТ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ БУХАРЕСТКЕ ЖЕЛУІ

БУХАРЕСТ, 21 август. (СОТА). Бүгін Бухарестке Румынияның азат етілуінің он жылдығын мейрамауға Совет Одағының үкмет делегациясы келді. Делегацияның құрамында Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті Президиумының мүшесіне кандидат, Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советінің председателі Н. М. Шверник жолдас (деlegationның басшысы). Молдаван ССР-і Министрлер Советінің Председателі Г. Я. Рудь жолдас және генерал-полковник Ф. И. Голізов жолдас бар.

Аэродромда советтік үкмет делегациясының өкілдері мен делегациясының өкілдері арасындағы келіссөздер жүргізілді. Румын Халық Республикасы Министрлер Советінің председателі Георгиу Деж, Ұлы ұлттық жыйналыс Президиумының председателі Петру Гроза, Румыния жұмысшы партиясының Орталық Комитетінің бірінші секретары Георг Апостол, Министрлер Советі председателінің бірінші орынбасарлары Иосиф Кишиневский, Киву Стойка және Александр Могиорош, Министрлер Советі председателінің орынбасарлары Эмиль Боднараш, Мирон Константинеску және Петре Борила, Румыния партиясының Орталық Комитетінің секретарлары И. Я. Дали және Я. Фазекаш, үкмет мүшелері, қоғамдық ұйымдардың өкілдері және астананың көптеген еңбекшілері.

Советтік үкмет делегациясын ССРО-ның Румыниядағы елшісі Л. Г. Мельников және Бухаресттегі Совет елшілігінің дипломатиялық құрамы, сол сыяқты халықтық демократия елдерінің елшіліктері мен миссияларының басшылары мен мүшелері қарсы алды.

Советтік Үкмет делегациясын Георгиу Деж жолдас шын жүректен құттықтады. Н. М. Шверник жолдас жауап сөз сөйледі, ол Совет Үкметінің, Коммунистік партияның және совет халқының атынан Румыния еңбекшілерінің ұлттық ұлы мейрамын құттықтап, халық шаруашылығын өркендетуде олардың жаңа табыстарға жетуіне тілек білдірді.

РУМЫНИЯНЫ ФАШИСТІК ЕЗГІДЕН АЗАТ ЕТУ КҮНІНІҢ ОН ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖЫЙНАЛЫС

21 августа Москвада Евг. Вахтангов атындағы театр үйінде Совет Армиясының Румынияны фашистік езгіден азат ету күнінің он жылдығына арналған салтанатты жыйналыс болды. Жыйналысты іштелмен мәдениет байланысын жүгізетін Бүкілодақтық Қоғам, Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советі, ССРО Мәдениет министрлігі, ССРО Ғылым академиясы, ССРО Совет жазушылары Одағы, ССРО Совет композиторлары Одағы, Бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитеті ұйымдастырды.

Театр залына Москва өнеркәсібінің жанашылдары, ғалымдар, мәдениет қайраткерлері, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, Совет Армиясының жауынгерлері жыйналды.

Жыйналғандардың арасында Румын Халық Республикасының ССРО-дағы

Тайвань—Қытай жерінің бөлінбес бір бөлегі

Қытай Халық Республикасының демократиялық партиялары мен халықтық ұйымдарының бірлескен декларациясы

ПЕКИН, 23 август. (СОТА). Синьхуа агенттігі мынаны хабарлады: бұрын хабар етілгендей, халықтық саяси конференциялық советтің бүкілжақтылық комитеті бюросының жақында болып өткен сессиясы Қытай Халық Республикасының барлық демократиялық партиялары мен халықтық ұйымдарының Тайваньды азат ету туралы бірлескен декларациясын бірауыздан қабылдады.

Мәлімдемеді, атап айтқанда, былай делінген:

Бұдан 60 жыл бұрын жапон империализмі Тайваньды күшпен оккупациялады. Қытайдың халқы ұзақ күрес жүргізді, сойтіп, ақыр аяғында, жапон агрессиясына қарсыласу соғысында жеткен ұлы жеңістің нәтижесінде 1945 жылы 25 октябрде Тайваньдағы отандастарымызды отаның құшағына қайта қосты. Чан Кай-шидің сатқын тобының Тайваньды бақылау иросын заңсыз басып алуына қытай халқы ешбір жағдай көнбейді; Америка Құрама Штаттарының агрессияшыл топтарының Тайваньды оккупациялауына қытай халқы ешбір жағдайда көнбейді.

Құрама Штаттар үкметі қорғап отырған Чан Кай-шидің сатқын тобы Тайваньға қанып барып, оны сатқындардың баспанасына айналдырды. Бұл сатқын шайқа соңғы бірнеше жылдың ішінде Құрама Штаттардың соғыс жәрдеміне айырбас ретінде Құрама Штаттардың үкметіне Тайваньның мол өнімі мен табиғат байлықтарын беріп отырды; ол топ Тайваньдағы патриоттық қозғалысты басып-жаншуға тырысты, біздің патриот азаматтарымызды өлтіріп келді, халықтық байлықтарды тонады, жас жігіттерді зеңбірек жемтігі болуға зорлап көндірді және біздің Тайваньдағы отандастарымызды адам айтқысыз қайыршылық пен азапқа ұшыратты. Бұл сатқын шайқа басқа елдерде тұратын қытайларды алдайды және қуғындайды, олардың меншігін пайдаланады және басқа елдерде тұратын жас қытайларды бандиттік қарулы күштер қатарына кіруге бейімдейді. Бұл сатқын шайқа, Құрама Штаттардың соғыс-теңіз флотының және әуе соғысы күштерінің қорғауына сүйеніп, материалдық жағалауындағы аралдарға шабуыл жасап келді; бұл шайқа елдің жағдайы қалаларын бомбалаумен болды. Ол отаның немесе отанымызбен сауда жасаушы елдердің кемелеріне шабуыл жасап, ол кемелерді тонап отырды; бұл шайқа сабақ жасау үшін астыртын агенттер жіберіп отырды, балықшыларды тонап өлтірді; бұл шайқа отанға қарсы қалжыра

GERMAN МИЛИТАРИЗМİN ҚАЙТА ТУДЫРУҒА ҚАРСЫ

БРИЮССЕЛЬ, 20 август. (СОТА). Бельгияның бейбітшілікті қорғау одағы плакаттар таратқан, онда «Европалық қорғаушылардың Батыс

тушы және күйзелтуші соғыс жүргізіп келді. Соңғы уақыттың ішінде бұл сатқын шайқа Құрама Штаттар үкметімен «өзара хауіпсіздік туралы екі жақты договор» дейтінді жасау мақсатымен, яғни Құрама Штаттар үкметімен соғыс одағын орнату мақсатын көздеп, бұрынғыдан әрі құлық-сұмдықтар істеумен шұғылданды, сойтіп, Құрама Штаттардың қарулы күштерімен бірлесіп біздің жерімізге шабуыл жасауға және соғысқа араңдатуға тырысты.

Жалпыра мәлім, Құрама Штаттардың агрессияшыл топтары Қытай Халық Республикасы жөнінде әрқашан дұшпандық пікірде болып келді. 1950 жылғы июньде Құрама Штаттар үкметі Кореяға қарсы агрессиялық соғыс ашты, Индо-Қытай соғысында өзінің интервенциясын күшейтті, мұнымен бірге Формоза бұғазына басып кіру үшін 7 —американ флотын жөнелтті және Қытай жері — Тайваньды оккупациялады. Сонымен, Құрама Штаттардың үкметі Тайваньды Қытай жері болып табылады деп таныған Каир және Потсдам декларацияларын бұзды; бұл декларацияларға Құрама Штаттар үкметі қол қойған болатын. Қазір Корея соғысы аяқталды; Индо-Қытайда бейбітшілік қалпына келтірілді; халықаралық шиеленіс бірте-бірте бәсеңдеуде. Бірақ, жеңілістерін мойындағысы келмейтін Құрама Штаттардың агрессияшыл топтары Чан Кай-шидің сатқын тобына жәрдем көрсету үшін жаңа әрекеттер істеуде, қарулы интервенцияны кеңейтуге және біздің елімізге қарсы соғыс хауіп күшейтуге тырысуда. Олар Жапонияның реакцияшыл күштерінен, Ли Сын Маньның тобынан және Чан Кай-шидің сатқын тобынан «Солтүстік-Шығыс Азияның қорғаныс одағы» дейтінді құрастыруға тырысуда және бұған Англия мен Францияны және Тынық Мұхиттың батыс бөлігін және Оңтүстік-Шығыс Азияның кейбір елдерін тарту үшін бар күшін салуда.

Өз отанының хауіпсіздігі мен территориялық тұтастығын қамтамасыз ету үшін, Азияда және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қорғау үшін қытай халқы Тайваньды азат етуге бел байлап әзір отыр, делінген бұдан соң мәлімдемеді. Тайвань Қытай жерінің бөлінбейтін бір бөлегі болып табылады. Тайваньды азат ету және Чан Кай-шидің сатқын шайқасын жою Қытайдың суверенитетін жүзеге асыру болып табылады, мұның өзі қандай да болса шетел мемлекеттерінің тарапынан ешқандай араласушылыққа төзбейтін Қытайдың ішкі ісі.

«Европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договор жойылсын!», «Нацистік армия жойылсын!» «Герман проблемасын бейбіт жолмен шешу үшін!» деген жазулар бар.

дауда жұмыс істеп, бір мыңға жуық еңбек күн тапты.

№ 1, 4, 6 мектептердің оқушылары облыс колхозтарына шөп шабу, жыйнау жұмыстарына көмектесу жөніндегі қаладағы Ленин атындағы орта мектептің оқушы комсомол-жастарының шақыруына қызу үн қосты. Бұл мектептердің 30 оқушысы шөп шабу жұмыстарының алғашқы күндерінен бастап Ленин ауданының колхоздарында еңбек етіп, қоғамдық малды жемішпен қамтамасыз ету ісіне өз үлестерін қосуда. Сол сияқты, Приешим ауданындағы Сталин атындағы колхозға көмекке барған Горький атындағы жетіжылдық мектептің оқушылары да күндік тапсырмаларды аброймен орындай отырып, 750 гектар жердің шөбін жыйнады, сойтіп, 483 еңбек күн тапты.

гап. Өткізілген жұмыстар нәтижесінде кітапхананың кітап оқушылары көбейді. Активтер саны өсті. Әрине, мұнымен ғана қанағаттануға қоюға болмайды. Кітапхана коллективі бұл зор маңызы бар жұмысты бұдан әрі де жүргізе бермек.

Съезге дайындық жұмыстарына белсене көмектесу біздің — мәдени-ағарту қызметкерлерінің аса маңызды борышы.

А. АДЛЕР,
Қалалық мәдениет бөлімінің инспекторы.

СЕЛО ФУТБОЛШЫЛАРЫНЫҢ ЖЕҢІСІ

Жақында «Энергия» стадионында қаланың «Энергия» футболшылары мен Булаев ауданы футболшыларының арасында жолдастық кездесу болды.

Ойынның бас кезінде басымдылық алаң иелерінің қолында болды. Көп кешікпей-ақ олар қонақтар қақпасына бір доп өткізді. Алайда, олар инициативаны қолдарына көп ұстап тұра алмады. Қонақтар футбол ойынының техникасын жақсы

меңгеріп қалғандықтарын көрсете бастады. Ойынның бірінші жартысы 2:1 есебімен қонақтар пайдасына шешілді.

Ойынның екінші жартысы екі жақтың тең ойнауы жағдайында өтті. Екі қақпаға да бір-бір доптан енгізілді. Сөйтіп, бұл қызықты ойын селолық футболшылардың жеңісімен аяқталды.

Қ. БАҚТЫБАЕВ.

Раб. елшіліктің қызметкерлері, Москваға шетелмен мәдениет байланысын жүргізетін Бүкілодақтық қоғамның шақыруы бойынша келген ССРО-мен достық байланыс жасайтын Румыниялық қоғамның делегациясы, Москвада тіркелген бірсыпыра елшіліктер мен миссиялардың басшылары бар. «Румын Халық Республикасы бейбітшілік, демократия, социализм жолында» деген тақырыпта дәріпшілердің Бүкілодақтық Орталық Советі Председателінің орынбасары Соловьев баяндама жасады.

ССРО-мен достық байланыс жасайтын Румыниялық қоғамның делегациясының басшысы академик Ион Георгиудың сөзін жыйналысқа келгендер зор қызықпен тыңдады.

Германия милитаристерін қаруландыруға және кекшілік вермахты қайта тудыруға әрекеттенулеріне қарсы ұзалық наразылық білдірген. Плакаттардың бірінде Аденауэр бейнеленген. Плакатта: «Германияны қаруландыру жойылы!» деген сөздер бірігіп жазылған. Плакатта: «Герман проблемасын бейбіт жолмен шешу ғана Еуропалық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді», «Түзетілген немесе түзетілмеген»

«Драго руж» газеті бүгін Герман проблемасын бейбіт жолмен шешу жолындағы күрес комитетінің хатын жариялады. Бұл хат Бельгияның парламент мүшелеріне арналған. Хатта «Еуропалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды бекітудің Бельгияның тәуелсіздігі және жалпыға бірдей бейбітшілік үшін қатерлі зардаптары туралы айтылады.

АНГЛИЯНЫҢ ЛЕЙБОРИСТІК ПАРТИЯСЫ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ҚЫТАЙДА БОЛУЫ ЖАЙЫНДА

ПЕКИН, 22 август. (СОТА). Сянхуа агенттігінің тілшісі Мульденнен берген хабарында Англияның лейбористік партиясының делегациясы Солтүстік-Шығыс Қытайда екі күн болған уақыттың ішін-

де елдің Аньшандағы ең ірі металлургиялық орталығында және Мульденнің жанындағы өндірістік ауылшаруашылық кооперативінде болғандығын білдірді.

ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ III СЪЕЗІ ҚАРСАНЫНДА

Жағымды герой жайында

(Соңы. Басы 3-бетте)

Сол секілді жазушы «Аманкелді» пьесасына да оралып соғып қайта жазды. Мүреповтың бұрынғы пьесаларында аса қазақ романтика сарыны басым жататын. Қатысушы геройлар да көтеріңкі пафоспен тақпақтап, шешен сөйлейтін. Ал, «Аманкелдінің» осы соңғы нұсқасында оның бірі де жоқ. Аманкелді образы да, Аманкелдінің қоршаған орта да, орыс елі мен қазақ елінің достығы да, халық көтерілісінің Октябрь революциясымен тағдырлығы да социалистік реализм әдісімен байсалды түрде шыққан.

Жазушы Әбішев жолдас та «Жас түлектер» повесіне арналып айтылған сындарды сол тақырыпта жазылған «Достық пен махаббат» пьесасында қатты ескерді. Бұл пьесадан біз 30-жылдарда қалыптаса бастаған қазақтың орта техникалық интеллигенциясының қатарына енді 40-жылдарда қазақ қыздарының да келгенін көреміз.

Жоғары білімі бар Сәуле біраз албырттығымен қатар, іске ұстамды, жаңа адамдардың арасындағы жаңа қарым-қатынасты байқаға келген саналы қыз. Бұл образдың жасалуына Ботакөз біраз тұрткі, қозғау салғанға ұқсайды. Мұндай сабақтастық орыс әдебиетінде де бар жағдай. Мәселен, Татьяна образы «Обломовтағы» Ольга образын туғызғаны, ал Тургеневтің «Қарсаңда» повесіндегі Елена Ольгаға жауап ретінде жасалған образ екенін біз білеміз.

Осындай іштей сабақтастық Ботакөз бен Сәуле образдарында да бар. Әрине, бұл құбылыстың да астарын жазушылардың жазу шеберлігінен, немесе мәдениет дәрежелерінен іздеуге керек. Бұл сабақтастық өмірдің өзі туғызған сабақтастық. Өз заманының өкілі болып көрінген Сәуледе Ботакөзден біраз ілгерілендік бары да байқалады. Ботакөз өз дәурінің ыңғайына қарай, әлеуметтік теңдік үшін жалпы бағытта ғана күреседі. Ал, үлкен маңайында не болған, білемді Сәуленің нақтылы тартыс объектісі бар.

Жанды, нышайы образ жасауға талпынушылық осы бір жылдардағы поэзиямызға да тән. Орыс поэзиясының ішкі логикасына еніп, соны творчестволық жолмен өз шығармаларына пайдалана алушылық Хамит Ерғалиевтің творчествосынан айқын сезіліп жүр. Ерғалиев бұрынғы поэзиямызға тән бос шешендікке ұрынбай, жеке образ мәселесін алып, жарқын штрихтар арқылы, орынды баяндаулар арқылы өз геройларына әдемі-әдемі мінездемелер жасайды.

Оған кейінгі шығармалардан «Қурляндиядағы» Есей образы, «Алғашқы айлардағы» Жақыпбек образдарын атауға болар еді.

Жақыпбек қызбалау, асығыстау болса, Есей ұяң, бірақ орнықты, талай қызын қатерлерге қобалжымай, қорықбай бара алатын кішіпейіл, ұнасымды образ болып шыққан.

Шынына келгенде, біздің қазақ совет әдебиетінде Сергей Тутаринов, Батманов, Бортников сыяқты жан жақты күрделі образдар әлі де туа алған жоқ.

Өз лейбен, өз даусымен тың болып келген Жомарт барлық жақсы қасиеттерімен қатар тың жалаң көрінеді. Жомарт совет заманында туып өскен, совет мектебінен дұрыс тәрбие алған «өзек жас». Автордың айтуынша ол жоғары агрономиялық оқу орнын бітірген. Алайда, осылай бүгінгі жан-жақты, қабілетті ауыл интеллигенциясының өкіліне саналатын Жомарт бір ғана істің төңірегіне шырғалана береді.

Партиямыздың басшы қызметкерлерінің образын жасауға талпынушылық Әбішев, Мұқанов, Мүстафин жолдастарға әсерлесуіне байқалады. Алайда күні бүгінге дейін «Москвадан алыстағы» романындағы парторм Залкин, «Егін орағындағы» аудандық партия комитетінің секретары Стрельцов секілді іс, мінезімен есте қаларлық жарқын бояуы, күрделі образдар бізде әлі де жасалған жоқ.

Көп қамтулы, іскер басшы екенін бірден таныған көпшілік құрметпен «Андрей Петрович» деп аты жөнін толық атаса

ұялықырап қалатын кішіпейіл, жұрт жағдайына құлақ қойғыш, зейін аударғыш Стрельцов өз алдына қандай тамаша мақсаттар қояды! Ол әңгіме қара топырақта емес, әңгіме басқара білушілікте деп түсінеді. Өзінің осы ойын дәлелдемек болып Стрельцов құнарлы қара топырақты Кубань ауданынан егін шықпайтын кедей Угрень ауданына сұранып келеді. Өз пікірінің дұрыстығын істе дәлелдеп шығады ол.

Ал, «Сырдариядағы» обком секретары мен аудандық партия комитетінің секретарында ешбір іс те, жылылық та, ой аз жоқ. «Шығанақтағы» аудандық партия комитетінің секретары тигі талас, «Миллионердегі» аудандық партия комитетінің секретары саяз ойлы, солғын болып көрінеді.

Ал, Әбішев жолдасының «Сахара сәулеті» деген романындағы аудандық партия комитетінің секретары ұсақ, өнімсіз іспен айналысып, халыққа саяси басшылық берудің орнына әкімші болып кетеді.

Егер тереңден қарасак, Андрей Лопухов пен Батманов бір медальдің екі беті секілді екенін көреміз. Бірі майдан тулғасы, екіншісі тылдағы қаһарман істердің тулғасы. Осы екеуі біріге келіп үлкен бір кезеңнің кесек образ-картинасын жасайды.

Ал, біз жоғарыда атаған «Сырдария», «Шығанақ», «Сахара сәулетіндегі» партия өкілдері арқылы заман бейнесін көре алмаймыз. Бұл образдар өмірдегі партия қызметкерлерінен әлде қайда төмен жатыр.

Бұл бір ащы шындық. Партиямыздың алдыңғы қатарлы қызметкерлерінің жан-жақты образын әлі де жасай алмай келе жатқанымыз жөнінде баспа сөз жүзінде жиі- жиі айтылып та жүр. Бұл әділ-сын талаштар әр жазушының өзінше толғантып жүргенге ұқсайды. Қабылдау дәрежесі де әрқилы.

Түсіне қабылдап, уақытымен дәйекті қортынды- нәтиже жасаған жазушымыздың бірі Ғ. Мүстафин.

Ғ. Мүстафин жолдас өзінің соңғы күр-

делі едбегі «Қарағанды» романында Қазақстандағы көмір алыбы Қарағанды өндірісінің құралындағы партия басшылығын дұрыс көрсетеді. Мұндағы басты герой — Мейрам Омаров партия қызметкері. Ол қыян қырлы, бір сырлы болып іс үстінде көрінеді. Оның еңбекке көзқарасы айрықша. Мейрамның ұғымда еңбек еліміздің социалистік экономикасын қайта құру құралы ғана емес, сонымен қатар, бұрынғы санасы төмен қазақтың келдей ауылдарынан келгендердің сана-сезімін оятып, мінез- құлықтарын қалыптастыру құралы. Әрі іскер, әрі ұйымдастырушы Мейрамды жазушы былайғы көптен оқпау етін те көрсетпейді. Ол көптің ішінде көпшен бірге. Оны дарадан, қаны толық образ етіп тұрған да осы жәй.

Образ күрделілігі туралы әңгіме еткенде, ең алдымен сол күрделі образдардың формасы (егер осылай деп атауға болса) жайында ойлану да керек сияқты. Біз күні бүгінге дейін «революциядан бұрын халқымыздың екі проценті сауатты еді, қазақ даласында ешбір завод-фабрикалар да жоқ еді, ал қазір советтік заманда халқымыз жаппай сауаттанды, қалалар салынды, завод- фабрикалар салынды, колхоздар ұйымдастырылды, социалистік мәдениетіміз артты, тұрмыс салтымыз өзгерді», — деп жиі айтамыз. Ал, осы социалистік ұлы өзгерістер ұлттық психикамызды да, қатнасымызды да өзгертіп жатқаны жайында мүлде сөз қозғаймыз.

Әр ұлттың өкілдері қатысатын талай- талай жақсы шығармалар туып жатыр. Сол өкілдердің ұлттық ерекшеліктері қайда екен деп үңілсек, көбінесе олардың ұлттық ерекшеліктерінің бастысы ана тіліндегі кейбір сөздерді орныммен пайдаланып қалушылығында, не болмаса, өкілші бір тілді бұрып сөйлеушілігінде кездесетін секілді. Бұл нені аңғартады? Жаңағы шығармалар авторларының ұлт ерекшеліктерін аз зерттегендігінен бе? Әлде ұлт психикасында өзгерістер бар ма?

Бұл бір ойланатын сұрақ. Евгений Онегин өз тұсында европаша кигенімен, оның жаны, ішкі мазмұны орыс еді. Ал, бұл мазмұн басқа ешбір ұлтта қайталанбайтын орбытық мазмұн

болатын. Орыс топырағында туып, орыс болып өскен Онегнге Чайль Гарольд киімнің киізудің терістігі де осында жатқан секілді. Ал, қазір ше?

Ал, қазір Давыдовты тек орыс деп, Жомартты тек қазақ деп қарауға бола қояр ма екен?

Біз қазір ұлы бетбұрылыста, коммунизмге бетбұрылыста отырмыз. Олай болса психикамыз да өзінің ескі ұлттық ерекшеліктерін бірте-бірте өзгерту процесінде екені, бара- бара социалистік психикаға айналу процесінде екені байқалатын секілді. Біріміз пешпент жамылп, екіншіміз украин көйлегін кигенімізбен біздің мазмұнымыз бір, коммунистік мазмұн. Көп ұлтты совет әдебиетіндегі «айрықша материалдан пішілген» жаңа сападағы жағымды образдардың бәріне бірдей тән қасиеттер бары байқалады. Ол, ұстамдылық, кішіпейілділік, ізгілік, салқынқандылық тағы басқалар. Мұндай ұлтас қасиеттерді қазақ Асқардан да, орыс Батмановтан да, Г. Гуллианов «Сакендегі көктем» повесіндегі абхаз Бессудан да байқауға болады. Мінез- құлықтағы, басқаша айтқанда, формадағы бұл ұқсастық нәліктен? Әлде бір жазушы өкілші жазушыға, өкілші жазушы үшінші бір жазушыға еліктей бергендіктен бе? Жоқ, еліктей бергендік емес бұл. Бұл социалистік мазмұнның психикамызға тигізген әсері. Әдебиетіміздегі большевиктер образының Власовпен тағдырлығы да осында болса керек.

Сталин жолдас XVI партия съезінде жасаған есеңгі баяндамасында да, «Марксизм және тіл білімі мәселелері» деген едбегінде де коммунизм кезінде халықаралық бір тіл туатынын, бұл тілдің неміс тілі де, орыс тілі де, ағылшын тілі де емес, ұлттық тілдердің ең жақсы элементтерін бойына сіңірген жаңа тіл болатынын айтты.

«... Мейлі үлкен, мейлі шағын болсын, бәрібір —әрбір ұлттық басқа ұлттарда жоқ, тек өзіне ғана тән өзіндік сапалық ерекшелігі, өзіндік өзгешелігі бар. Осы ерекшеліктер әрбір ұлттың дүниежүзілік мәдениеттің жалпы қазнасына қосқан үлесі есебінде саналып, оны толықтырып, байытып отырады», —деді Сталин жолдас Финляндия делегациясын қабылдау сөзінде.

Олай болса, ұлттық ерекшеліктердің ең жақсы элементтері де өкшеленіп, жаңа социалистік сыйпатқа ие бола отырып, коммунизм қорына қосылары даусыз. Коммунизм бүкіл дүние жүзінде бірдей орнап болғанға дейін аса ұзақ жылдарға созылар осы процесстің алғашқы белгілері қазірдің өзінде де барға ұқсайды. Сол себепті, «ұлт өкілдерінің өздеріне тән ерекшеліктерін көрсету керек» дегенге, сол ерекшеліктердің ішіндегі жалпы қорға қосыла алатын ең асылын танып алу қажет сияқты.

Біз бұл арадағы жаңа сападағы жағымды образ жасаудың жалпы принципі туралы айтып отырмыз. Егер ойлана қарасақ, «ұлттық ерекшелік» дегеннің өзінде әдемі-әдемі конфликттер жатқанға ұқсайды. Шынында да, әр заманның салт-санасы, әлеуметтік ортасы, қоғамдық құрылымы туғызып, қалыптастырған ұлттық ерекшеліктердің бүгінгі мазмұны — социалистік мазмұнға сай келмейтіні жоқ па? Әрине бар. Міне, мұндай керімал ерекшеліктерді жағымсыз геройлар арқылы беруге әбден болатын секілді. Әрине, бұл мәселе терең ойлануды - зерттеуді қажет етеді.

Сондай-ақ жаңа сападағы күрделі адамдардың өзара сөйлеулері де бір проблемалық мәселе.

Бүгінгі күн тақырыбына жазылған көп шығармаларымыздың геройлары тақпақтап, мақал, мәтелдеп шешен сөйлегісі келеді. Бұлай шешен сөйлеу, айталық, «Сырдариядағы» Сырбай қартқа, «Миллионердегі» Досқа, қала берді Жақыпқа ұнасып жатыр. Ал, бүгінгі күннің жастары Байжан, Жанат, Жомарттардың шешен, тақпақтап сөйлеулері келіспейді-ақ. Геройларды осылай тақпақтағып сөйлетуді орыс совет әдебиетінде ұшыраспайтын құбылыс.

Бүгінгі оқушы бүгінгі жазушыдан өз талғауына лайық шығармалар беруді талап етеді. Біздің ойымызша, сол эстетикалық талғаудың дамуына көркем әдебиеттің тікелей қатысы бар. Сол себепті көпке өнеге боларлық күрделі образды, «энциклопедиялық» кең қамтулы шығармалар жазудан тайқалымау керек деген қортынды шығады.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.